

ПИОНЕР



Шаңғышы балалар



суретті түсірген
П. Редько.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 2
ФЕВРАЛЬ
1957 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.

ҢҮЗЕТТЕ

Баспана, жылы орынды жоқтамады,
Соқса да кәрлі қыстың ақ бораны.
Түн бойы шекарада тұрған солдат,
Жанарын айналаға көп қадады.

Хабарлап тұрғандай бір шұғыл жайды
Алыста қалың орман шуылдайды.
Ақ боран айлап соқсын, жылдап соқсын,
Қызыл ту желбіреді, жығылмайды.


Солдаттың ойы әр саққа жүгіреді,
Өтеді көз алдынан жыл легі.
Түнекпен тайталасқан балғын жанын
Құшады сағыныштың жылы лебі.

Еске алса балалықта болған жайды,
Тал бойын қыйлы-қыйлы ой қамайды.
Ойлайды елдің қамын, жердің қамын,
Өзінің қара басын ойламайды.

Жас бөбек төсегінен күліп тұрсын,
Жас ана еркелетсін сүйіктісін.
Деген ой солдат жанын сергітеді,
Сондықтан, бөледі ол түн ұйқысын.

Қыялмен туған жерді аралады,
Отанның ыстық тартып бар алабы.
Бейбіт күн шұғыласы сөнбесін деп,
Қыран кез шартарапқа қадалады.

Т. МОЛДАҒАЛИЕВ.





АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕ

Әңгіме

Күзгі бұлыңғыр түн. Майдан дабылы толастап, таң атуға тақалған кез. Жауға іргелес ұзыннан ұзақ траншеядан күн ұзаққа сақтана атысып, әбден қалжыраған жауынгер бұл кезде тек басын ғана қылтыйтып тас қараңғы аймаққа тесіле қарап, әр дыбысқа құлақ түріп үнсіз тұр.

Дәл мұндай сәтте адамның ұлы арманы ұйқы ғой. Тіпті қырау басқан бұтаның арасы болса да, бір сәтке көз шырымын алса, шіркін. Жас жауынгерді де мең-зең қылып тұрған да осы ұйқы болатын.

Оның ұйықтамағанына үш күн болған еді. Жауынгердің соңғы рет қайда, қалай, қай мезгілде ұйықтағаны да есінде жоқ-ты. Бұдан екі күн бұрын осы жерде фрицтер ығыстырылған. Айтпақшы, ол ұрыс екі күнге созылып, бұлар не бары жарты километрдей ғана ілгері жылжыған. Сол соңғы қантөгістен кейін де талай заман — үш тәулік уақыт өтіпті. Содан бері әлі күнге бұл бір рет ұйықтап па екен?

Жас жауынгер әлі де денесін сергек ұстауға бар күшін салды. Өзінің командирі — лейтенант оны нағыз ержүрек, ең бір батыр санады ма, әлде адамдардың едәуір-ақ си-

регенін еске алды ма, әйтеуір, осы маңда бір өзің боласың, жан-жағыңда көрші аз» — деп бұйрық берген. Оған аң-таң болған бұл:

— Қалайша, жолдас лейтенант, бір өзім бе? — деп еді.

— Иә, бір өзің, жолдас Оспанов. Жағдай осылай, амал жоқ, — деп кесіп айтты командирі.

Кенет жас жауынгер тұла бойы мұздағандай селк етіп басын көтеріп алды. Дәл қарсы алдынан бірдеңе ақырын ғана сытыр-сытыр ете қалды. Оған ілесе қу бұтақтар күрт-күрт сынды, біреуі, сірә, барлаушы болуы керек, бері қарай еңбектегендей болды. Бірақ, ешкім көзіне түсе қоймады.

Уақыт өте берді. Айнала тым-тырыс. Бір кездерде шығыс жиек сарғыштанып ірге теуіп, таң біліне бастады. Айналадағы ойдым ойдым ор, үйінді жал-жал өліктер, ырым-жырым боп туралып қалған жас ағаштар да айқын, анық көріне бастады.

Тағы да біраз уақыт өтті. Әр жерден пулеметтер сатырлап, сонау кейіндегі қалың орманның қарауытқан қойнауынан зеңбіректер де бір-біріне ілесе, қалыспай жарыса үн қосып аспан әлемін жаңғыртып күркіреді. Бұл гүрсілді Оспанов салғырт тыңдап енді еріксіз-ақ көзі ұйқыға кете берді.

Бірақ, осы мезгілдерде күтпеген бір жәйттер тағы басталған еді. Қайдан екені белгісіз ыңырсыған үн келді құлағына. Оспанов жан-жағына қарады. Ешкім жоқ. Кенет өкшесінде жылтыраған нәлі бар добалдай қара ботинка сол жағынан көріне кетті. Ботинканың иесі бөрененің тасасында екен, бірақ, фрицтерге қарай еңбектепті. Оспанов аң-таң болды. Беті неге жау жақта? Өз көршілері болса олар тым әрегірек тасаларда жатыр, бұл жерден көріне де қоймайды. Оспанов дереу окобынан білінбей шығып, тасамен ақырын еңбектей бастады. Мұны сезгендей алдындағы адам да ілгері қарай сүйретіле түсті. Оспанов пистолетін оған дәлдеңкірей кезеніп:

— Бері! Бері қара! Тоқта! — деді сыбырлап.

— Су-у-у, — деді әлгі адам орысша.

— Кімсің өзің?

— Су-у-у...

Су сұрағаны ауыр жараланғаннан кейінгі әлсірегені ғой деп ойлап Оспанов еңбектей әлгі адамға жетті де, ақырын аяғынан тартып өзіне қарай сүйреді. Көзге түссе оққа ұшу екеуіне де оп-оңай. Жаралы жауынгер әуелде ентіге ыңырсыды, одан соң күрсінді де бері қырындады. Арада үш минут

өткен жоқ, екеуі жаңағы оңаша траншеяда сырласып отырды.

Жаралы — жасы қырықтар шамасындағы, көк көзді, сары кісі екен. Ең кемі екі апта бойында қырынбаса керек, сақал-мұрты қаулап өскен. Бетінің сол жағына қабыршақтанып лай қатыпты. Шинелі кір. Жұлдызды болат касканың бауы байланбапты. Сол иығы мен сол білегі жаралы болуы тиіс жеңіне де, кір-кір саусақтарына да қан жұғыпты. Оспанов оған күле қарады да, соғыстан бұрын ең әрі кетсе шошқа бағып, майлы етке еркін тойғанына мез боп жүрген бейбақсың-ау деп шамалады. Бұған қосымша осыны минометчиктер ішінен көрген сыяқты едім-ау деп те ойлады.

Оның аты Иванов Иван болып шықты. Флягадан су ішті. Жұтқыншағы бүлкілдеп, бір рет кекірініп алып:

— Са... са... санбат алыс па? — деді қырылдап.

— Санбат? Санбаттың керегі не? Сіз жана әлгіде фрицтерге бара жатқан жоқсыз ба? — деді Оспанов, күдігін жасырмай.

Сақалды бейбақтың қастары керіліп, көкшіл көздері бадырайып кетті.

— Құдай-ай, — деді ол шошынып, — фрицтер қайда?

— Ау, қайда дейсіз, сіз солай бара жатыңыз ғой...

«Құдай-ай» деген сөзді ең кемінде он мәртебе қайталап Иванов шоқынып алды. Есін енді жыйып, өпмей қалғанына құдайға мың қайтара шүкіршілік етті. Төрт ұлының атын атап көзіне жасын да алды. «Бауырым-ай, рязанлық, рязандық едім. Балаларым жас еді. Құтқардын-ау өлімнен. Бауырым-ай» — деп лас жеңімен көзін сүртті. Кемсендеп иегі иегіне тимей шоқыну да үдей түсті. Атыс қыза жөнелмегенде оның тағы нелер істерін өзі білсін, Оспанов пулеметіне түрегелді де, Иванов окоп табанында құдайына жалбарынып қала берді.

Атыс сәскеге дейін тыйылмады. Снарядпен миналар бекіністің кейінгі тыл жақ төріне түсіп дүркін-дүркін жарылумен болды. Бұл кездеде жаралы Иванов, тегі әбден сүлесоқ боп болдырса керек, лезде-ақ қорылдап ұйықтап кетті.

Бұл күннің екінші жартысы да аласапыранмен өтті. Кешке қарай екі Фокке-вульф самолеті жоғарыдан біраз бақылап жүріп, қайтарында қанатының астынан бұрқыратып мыңдаған листовкалар шашты.

Қас қарайған кезде взвод командирі окоптарды еңбектеп жүріп аралап өтті. Иванов бұл кезде де ұйықтап жатты. Содан сәл

кейін Оспанов Ивановты оятты. Өйткені, қараңғыда қайтпаса күндіз оны снайпер-ақ қағып түсетін-ді.

— Ме-ме-мен қайдамын? — деді Иванов оянған бойда, бейне есінен танғандай.

— Сіз майдандасыз.

— О-о-осы біздің полк па?

— Білмедім, сіз ілгері шептесіз.

— Ол қалғығандай былқ-сылқ отырып жантая кетті. Неге екені белгісіз Ивановтың бұл жерден кеткісі келмеді.

Түн ортасында адамдар лезде молайып кетті. Рота командирі түгіл бұл маңайды батальон командирі де аралап шықты. Бос окоптарға екеу-үшеуден тың жауынгерлер жайғасты. Оспановқа жаңа серіктер де келді, олар осы «Е» әрпі сыяқты ұзыннан ұзақ траншеяға тым-тырыс жайғаса қалды. Оған ілесе «таң ата шабуыл» деген бұйрық та жетті. Содан былайғы уақытта жауынгерлер тамақтанды. Ал, Иванов болса күйбеңдеп, біресе пулеметке, біресе окоптың қалтарыс шетіне, тасаға барып шеттей береді.

Шабуыл алдындағы артиллерия атысына бір сағаттай қалғанда Оспанов пулеметіне жаңа лента өткізді. Бірақ пулеметтің стволы былқылдап, винттері босап қалыпты. Бұған не болғаны? Фрицтер окобына дәлденіп бекітілген пулемет неғып бұрандап, бетімен кеткен? Жә, осы өлексе бір пәле етпесе... Айтпакшы оның өзі сауығып та кеткен сыяқты ғой? Оспанов аяғын ақырын ғана еппен басып траншея ішімен Ивановқа қарай





ШАҢҒЫШЫЛАР

— Старт!—Осы сөздің күші мен жігерлілігі қандай десеңізші. Үш қатарлы биік үйдің қасындағы ондаған жүректің асығыс лүпілін тудырған да осы сөз — старт! Бірақ, бұл команда әлі берілген жоқ.

Команда берілісімен-ақ лып етіп жөнелуге дайын тұрғандар—қалалық мектептердің алдыңғы қатарлы шаңғышылары. Ұзыннан-ұзақ созылған қатардағылардың шет жағында оң қолындағы қамыс таяғына салмағын сала тұрған 12-мектептің шаңғышысы Жылқайдаров Мұқатай, бұларға қызыға қарап тұрған көпшілік арасындағы Анна Мартыновна Рыльскаяның соңғы сөзін тағы да есіне алды.

— Мұқатай, асықпа, бес шақырымдық жол аз жер емес. Күшінді кейінге сақта,— деген болатын. Бұл сөзді айтпас бұрын

оқытушы оның ең алғашқы бір жарыстағы қателігін де есіне салған еді: Жолдың алыстығы мен қыратты жерлердің қыйындығымен де есептеспеген Мұқатай, топ оқушының арасынан сытыла шығып, алға ұмтылып, алғашқыда көзкөрімге ұзап кеткен. Барар жерге жеткенше ол сол қарқыннан кемірмін деген ойда болмаған еді. Бірақ, оның ол үміті болмады. Ол біраз жер жүгірген соң аяғы аттаған сайын ауырлап, тіпті тәлтіректей бастағанын сезінді. Оған да мойығысы келмеп еді, алқынған жүрек соғысы еріксіз демалғызды. Арттағылар жақындағанша демалсам, алғашқы қарқынмен қайта жөнелермін деген ойға келді ол. Ақыры, бұл жорықта Мұқатай шаңғышылардың соңғы жағын ала әрең жеткен еді.

Міне, ең алғашқы осы жарыс сабағы оның көз алдынан экрандағы көріністей лезде өте шықты.

Мұқатай одан бері бірнеше жарысты өткізді. Сол жарыстардың нәтижесінде алдыңғы қатарлының бірі болған ол, осы жолы қалалық жарыста сыналмақшы. Бұл жолы Мұқатай өз мектебінің оқушыларымен емес, бүкіл Алматы мектептерінің оқушыларымен жарысқа түседі. Сол үшін де ол қазір үлкен толқу үстінде.

жүрді. Ол окоптың орта шеніндегі қалтарыста, бұдан он бес метрдей жерде тұр еді. Қараңғыда көрінбей, ешбір дыбыс бермей тақап келген Оспанов, кенет кілт тоқтады. Сол сәтте түсініксіз сөздер құлағына шалынды. Ивановтың неміс болғаны ма? Әлде ол жалған Иванов па? Дауысы манағыдай неге қырылдамайды? Неғып жасырып сөйлеп тұр?..

Оспанов бірер секунд кідірді. Әлденеден қатты қысылған Иванов тек немісше екі-ақ сөзді қайталап жауап ала алмағандай күйіншіті, тіпті ашуланып әлдекімге кіжініп те қояды. Істің сыры Оспановқа енді мәлім болды. Дереу пистолеттен Ивановтың үстінен асыра екі дүркін атты да:

— Хальт! — деді ақырып.

Өлексе де жалт бұрылды және бұрыла беріп екі атып үлгерді. Үшінші рет тағы атты. Оспанов та екі атты. Осы соңғы атыстардан соң-ақ өлексенің шап-шағын пистолеті

де, қос жұдырықтай рациясы да қолынан түсіп кетіп еді.

— Қыбыр етпе? Ешбір қыбыр етпе! — деп, Оспанов оған жақындай түсті. Әрең шыдап, қатты қалшылдап, демігіп тұрған Оспанов, қасына келгендерге «Ивановты» тінттірді. Одан тағы бір рация, сіреңке қорабынан сәл ғана үлкенірек екінші пистолет шықты. Қалталарынан бірнеше шеколад пен өткір бәкі де табылды.

Арада жарты сағат өткенде гитлер гвардиясының белгілі бір көкжалы қан-қан болып совет офицерінің алдында мойнына су құйылғандай мелшиіп тұрды. Әбден шаршап, ұйқы көрмей қалжыраған Оспанов жаңа күш, тың жігермен, ағыл-тегіл тер төгіп, түтін мен от астында шабуылда жүргенде штаб оған награда листогін толтырып жатты.

Д. Тасекеев.

Қызылорда облысы.

Тек старт командасы ғана оның осы жүрек толқынының нәзік жібін үзіп жіберді.

— Старт! — деген бас судьяның даусы шығысымен-ақ шаңғышылар сөреден жұбымен топтана жылжый жөнелді. Тіпті ә дегенде-ақ алға асығыс ұмтылғандар да жоқ емес. Әйтседе талай жаттығу сынынан өтіп келген көпшілігінің шаңғылары асығыс тырпылдамайды, қар үстінде майда сырғанайды.

Команда берілгенге дейін сонау жылғы жарыста өзінің мүмкіндігін пайдалана алмағандығын еске алып ойдың құшағында тұрған Мұқатай да тез сергіп, жеңіл қыймылмен сырғып келеді.

Мұқатайдың құлағында кете барған Анна Мартыновнаның «Сәтті сапар!» деген сөзі мен үлкен сеніммен қарап қалған мектептес достарының жанары оны озып келу үмітіне ұмтылта түсті. Оның ендігі мақсаты қалай да озып шығу. Мектеп абройын сақтау ғана еді...

...Кешқұрым бір топ шаңғышылар Алматының комсомол көшесіндегі тротуармен шаңғыларын иықтарына көтеріп қызу әңгімелесіп келе жатты. Олардың қазіргі әңгімесінің арасынан асқақ күлкілер де естіліп тұрды.

— Мұқатай жақсы жүгірді. Әттең енді бір жүз метр болғанда бірінші болып финишке жететін еді. Байқадыңдар ма, бірінші келген балаға қарағанда еркін келді ғой бұл, — деген ойын орта бойлы тәпелтек қара бала қайталап дәлелдей түседі. Басқалары да оны құптап бас изеседі. Анна Мартыновна сөзге араласып:

— Әсіресе, қыздардың табысы тамаша болды емес пе, мына Нұрғайша Дүйсебаева мен Жолдыбаева Гүлбахрамның сенімді қыймылы жұртты сүйіндірді ғой, — деді. Оның бұл сөзінде жас споршы шәкірттеріне деген үлкен ризалықтың белгісі жатыр еді...

Қыс. Жер беті ақша қар жамылған. Спорт залына жыйналған оқушыларға Анна Мартыновна күлімдей қарап: «Балалар, «Пионерская правда» газетінің жүлдесін алу үшін дайындықты енді қызу бастауымызға мүмкіншілік бар» — деді. Шәкірттер де оның сөзін мақұлдап, бас изесті.

...Максим Горький атындағы парк. Сықаса; бірақ қатар түзей өскен қайындарды ақ қырау бүркеп алған. Олардың бәрі де сыбырсыз мүлгиді.

Парктің орта тұсындағы алаңда бір топ бала шаңғы теуіп жүр. Бәрінің де қыймылында ерекше шыйрақтық бар. Әсіресе, алаңның орта тұсындағы биіктен ылдыйға қарай шаңғышылар жұлдызша ағады. Аяғына шаңғы байлап жаттығу жасаушылардың орта шенінде жүрген Анна Мартыновна:

— Адымдарыңды неғұрлым кесек алуға тырысыңдар. Өрге қарай асықпай шығыңдар, — деп үйретсе, кейбір оқушылардың асығыс қыймылына. — асықпай бірқалыпты жүруге дағдылан. Бірден қатты кетсең тез еңтігесің. Уақытпен есептесу — шаңғышыға өте қажет, — деп ескерту де жасап қояды. Бірер сағаттан кейін барып оқушылар алаңға жайылды да, алдағы болатын жарыс туралы қызық ойларын ортаға салысты.

— Біз бірінші орын аламыз, Анна Мартыновна, — деді, — 10-класстың оқушысы Кеңес басқалар естісін дегендей даусын көтере сөйлеп.

Бұл сөзді оқушылардың барлығы да мақұлдады. Олардың ішінен, әрине, сөз жоқ! — деушілер де болмай қойған жоқ. Шәкірттерін үнсіз тындап тұрған Анна Мартыновна ғана: — Балалар, күні бұрын мақтануға болмайды. Бәрін уақыт пен жаттығудың сапасы көрсетеді, — деп түйді. Ұстаздарының мына сөзі шәкірттерін қатты толқытып кетіп еді. Олардың бәрі де:

— Я, бәрін уақыт пен жаттығу көрсетеді, — деп іштей үнсіз қайталады.

Дене тәрбиесінен беретін тәжірибелі аға оқытушы Самат Абдразаковтың ұйғаруы бойынша «Пионерская правда» газетінің жүлдесін алу үшін шаңғыдан болатын жарысқа ұлдар командасының қатарына Жылқайдаров Мұқатай мен Өмірзақов Кеңес кірді де, қыздар командасының қатарына Дүйсебаева Нұрғайша, Жалдыбаева Гүлбахрам кірді. Бұлардың бәрі де шаңғы жөнінен қалалық жарысқа бірнеше рет қатысқандар.

**Т. Ғалиев,
С. Жүнісов.**

Алматы қаласы.



Өзім туралы повесть

Повесть

(Жалғасы, басы өткен сандарда)

Б. Соқпақпаев

▼

Тойға барғандар бұл оқыйғаны мамама келе-ақ жеткізіпті. Төр алдында пальтомды айқара жамылып, өтірік ұйықтап жатқан мені ол сыйырдың кешкі сауымынан оралған бетте оятып алып, ашулы да, үрейлі жүзбен:

— Әй, сен не істеп жүрсің? — деп сұрады.

— Не істеппін?

— Ұмытып қалдың ба не істегеніңді? Кәне, орныңнан түрегеп, бері жарыққа таман келші. Басы-көзің аман ба әуелі өзіңнің? Ештеңе істемесең, тал түсте неғып таяқ жеп жүрсің?

Мен:

— Өлгі Сұлтан қу... — деп келе жатыр едім.

— Сұлтанның қу екенін сен бұрын білмеу пе едің? — деп мамам ашулы дауыспен сөзімді бөліп кетті, — онымен жолдас болып жүрген сенің де денің сау емес! Сенің де атың күннен күнге өртше жайылып келеді. Немен тынарын бір құдайым өзі білсін. Тойға келген жұрттың тебінгісін тонады деген не сұмдық! Оны не қылғалы жүрсіңдер?

— Мен емес. Мен білмеймін де...

— Білмесең, өз жөніңе неге аулақ жүрмейсің? Осы Сұлтан сұмға жолама! Бұл сені бір күні орға жығып кетеді деп, мен са-

ған анада, осы жайлауға келген күні-ақ, айтап па едім?

Мен ендігәрі Сұлтаннан көш жер аулақ жүруге ант-су іштім.

— Көрермін оныңды да, — деді мамам кекесін үнмен, — уәде беруге келгенде сенен жомарт жан жоқ қой. Қақсай-қақсай саған жағым талды. Қажыдым. Адам боламын десең, енді өз жөніңді өзің білерсің.

Таңертең мамама қыстауға қайтқым келетінін айтып ем:

— Қайтсаң, қайт, — деп, қарсы болмады. — Мұнда бос сандалып, елді шулатқанша, барып, оқуың басталғанша әжеңе қолқабыс ет.

Колхоздың малшыларға азық-түлік жеткізген машинасымен үйге қайтып келе жатырмын. Түзкөлден өткен соң машина жолдан шығып, сол қол жақтағы тау бөктеріне қарай тартты. Қасымдағы Қайыпжан шоферден:

— Аға, қайда барамыз? — деп сұрап ем.

— Мынау сайда шөпші балалар бар. Ауылға соларды ала кетеміз, — деді.

Тау бөктеріне жете бергенде, алдымыздан сарқырама өзенінің бойында тұрған бір боз үй мен ақ шатыр көрінді. Шатырдың төбесінде отряд жалауы желбірейді. Киіз үйдің төменгі жағындағы жазықта үстерінде трусидан өзге ылпалары жоқ, денелері қарақайыс күнге күйген бір топ бала волейбол ойнап жүр.

Өзен арасы теңкиген қой тастарға толы, шұңғыл болғандықтан машина одан өтпей, қостың деңгейіне келіп тоқтады. Мен бұл кезде доп ойнап жүрген балалардың бәрін танып та үлгерген едім. Біздің кластан сарнауық Жантас, класс жетекшісі Темір, тағы бірнеше бала жүр.

— Әй, балақайлар, ар жаққа қай жерден өтуге болады? — деп дауыстады Қайыпжан.

Бір топ бала ойынды қойып, бәрі су бойына жүгіріп келді. Бұлардың бірі быйыл жетінші класты бітірген, мектеп оқушыларының аудандық, облыстық спартакиадаларында талай рет бәйге алып жүретін сом денелі Батырбек деген палуан бала еді. Оны балалар сыртынан Қодар деп атайды.

— Өткел бұзылып қалған, — деді Батырбек, — бұл араның еш жерінен өте алмайсыз.

— Енді қалай өтеміз, — деп қыйналды Қайыпжан. — Маған сендерді көшіріп кел деп тапсырып еді.

Мен балалардың алдында тап бір қылмысым бар адамдай кабинадан шықпай, бұқпантайлап отырмын. Оның себебі анада осы балалар шөпке көмекке кетіп бара жатқанда мен жасырынып, бармай қалғанмын.

Біраз дағдарып тұрғаннан кейін Батырбек:

— Қақа, біз сізге осы арадан өтетін көпір жасап берейік, — деді.

— Қайтіп? — деп сұрады Қайыпжан.

— Осында колхоздың құрылыс бригадасы дайындаған бөренелер жатыр. Екі дөңгелектің астына үш-үштен соның алтауын тізіп салсақ, машинаңыз сырғып өте шықпай ма?

Мына ақылды Қайыпжанның құп алғаны сол екен, қасында тұрған Жантасқа:

— Кәне, кезекші, тарт горнды! Балаларды сапқа тұрғыз! — деп бұйырды Батырбек.

Жантас шатырға жүгіріп кірген бойда, күнге шағылысқан аппақ горнды құйқылжыта ойнап қайта шықты. Доп ойнап жүрген балалар, бейне бір темір тәртіпке әбден шыңдалып жаттыққан жауынгерлерше, әп-сәтте шатыр алдындағы сызықшаны бойлап, сап түзей қалды.

Бас-аяғы бірнеше минуттың ішінде ғана көз алдымда болған мына көріністің әсерлілігі соншалық тіпті кабина ішінде отырған менің де бойым шымырлап, делебем қозып кетті. «Қап, — деп өкіндім, — анада Сұлтанға ілесіп, жайлауға қаңғып кеткенше, осылардың тобына неге қосылмадым екен».

Қабығы аршылып кеуіп қалған бөренелерді балалар ұйымшылдықпен қаумалай көтеріп әкеп, бірінен соң бірін өзен арасы-

на көпір етіп сала бастады. Машина дөңгелегінің екі арасының қашықтығын өлшеп алып, бөренелерді соған лайықтап қай жерге қою керектігін көрсетіп, Батырбек пен Қайыпжан оларға басшылық етіп жүр.

Көпір лезде дайын болды. Қайыпжан машинаны оған туралай тақап алып келді. Балалар арғы бетте:

— Оңға таман!

— Сәл былайырақ!

— Е, дұрыс, тура жүре беріңіз! — деп, шуылдай жөн нұсқап тұр.

Енді бір кезде машина бөрене көпірдің үстімен жеп-жеңіл зырғып, арғы жағаға өтті де кетті.

Сол шақта үлкен бір жеңіске қол жеткендей:

— Ура!

— Ура! — деген қуанышты дауыс өзен бойын жаңғырықтырып жіберді.

* * *

Жантас қулардың жол бойғы ермегі мен болдым. Біреуі «дизертир» десе, екіншісі «жұмыс десе, безертир», деп, үшіншілері «жүрген жерін шулатып, жер-дүниені кезертир» деп келемеж етіп, маған тақпаған аттары қалмады.

— Сұлтан екеуіңнің жайлаудағы «ерліктеріңді» естіп жаттық. Бірақ ақыры сәтсіздікпен тыныпты. «Батыр» адам оған жасымас болар, — деп түйрейді Жантас сұмырай.

Менің бұларға ыза болғаным соншалық, тіпті орта жолда машинадан секіріп түсіп те қала жаздадым. Сол кезде Батырбек:

— Жә, балалар, біреудің мойнына бір мініп алсаңдар, түспейді екенсіңдер, — деп, мені мүйіздеушілерді тыйып тастады. Осыдан соң Батырбектің өзі кузовтың тап ортасына тік тұрып алып, сыздаған даусымен шырқатып әнге басты да, селоға думанда тып кеп кірді.

VI

Достарым, менің осыған дейін сендерден бүгіп келген бір құпиям бар. Ол менің ақындығым.

Менің өлең жазуға арнаған қатырма тысты бірнеше әдемі дәптерлерім бар. Олардың сыртын жалтырақ таза қағазбен қаптап, мәпелеп ұстаймын.

Үлкен ақындар өлеңді тек шабыты, келгенде ғана жазатын көрінеді. Ал, менің шабытым, қашанда, қаламымның ұшында жүретін секілді. Тек отыра қалсам болды, сүй-

кетіп жазып тастаймын. Бұны айтасың, кейде тіпті жаңа бастаған дәптерді тез толтыруға асық болып, бүгін пәлен шумақ өлең жазамын деп, жоспарлап алып та жазамын.

Бір абыройы, менің өлеңім ешбір баспасөз бетінде жарияланбайды, демек оны ешкім оқымайды. Ол мені қыйналтпайды да.

Міне, жол ортасына сондай өлеңнің бірінің тақырыбын жаздым «Сағыну».

Өлеңнің шумақтарын ойлап отыр едім. Қора жақтан салт атты адамның дүрсілі естілді де, іле-шала жирен дөненмен ойқастатып терезе тұсына Сұлтан досым жетіп келді. Ана жолы төбелесіп айрылысқаннан бері жүз көріскен жоқ едік.

— Қара Көже, аманбысың! — деді ол әдетінше ыржақтай күліп. Араздасып айрылысқан адамдай емес, ымы-жымы бір досша күлмің қағады.

Мен онымен сөйлескім келмейтін пішін көрсетіп, өзіммен өзім болғансып, төмен қарадым.

Сұлтан атынан секіріп түсті де, үйге қарай жүрді. Алдымдағы дәптерді столдың қуысына сүңгітіп жібердім де, қолыма іліккен бір кітаптың орта тұсын ашып, оқыған болып, үңіле қалдым.

— Неғып отырсың, Қара Көже? Қабағың қарс түйіліп кетіпті. Маған деген ашуың әлі тарқамады ма? — деп, ол үйге кірген бетте мені иықтан жұлқылай бастады.

— Мазаламашы! — дедім мен жүзімді онан әрмен суытып.

— Әй, шының ба бұл?

— Менің сенімен сөйлескім де келмейді.

— Шын айтасың ба?

— Шын айтам.

— Жә, болды, Қара Көже. Әлдекімдерге ұқсап танауыңды шүйіре берме, — деп, Сұлтан үлкен қатты саусағымен мұрнымның ұшына оңдырмай бір шертті. — Ертең балық аулауға барамысың? Мен келіскен тор таптым. Киікбайдың өткелі тұсындағы ар жақтағы қара суға барсақ, балықты сүзіп аламыз.

Балық аулау менің жаным құмар істің бірі.

— Қайдан таптың торды? — деп, жалт қарадым Сұлтанға.

— «Молотов» колхозындағы диірменші шалды білуші ме едің? Содан сатып алдым. Егер сен бармайтын болсаң, өзге балалардың бірін ертіп кетем.

Мұндай жаным құмар істен қалай бас тартайын. Сұлтанға онымен араздығым бар екенін де аңдата тұрып ертең балыққа баруға амалсыз келістім.

Сұлтекең мені үйіріне қайта қосып, көңілі жайланған соң қалтасынан сигаретті суырып алды да, тұтатып, үй ішінде арлы-берлі жүріп сора бастады.

VII

Бұл күнді мен ешуақытта да ұмытпаймын. Октябрьдің екісі еді ол.

Менің бүгінгі көңілсіздігіммен құптасқандай ауа райы таңертеңнен бері сұрқайлана жабырқау тартып кетті. Бұлт дейтін бұлт та емес, бейне бір тұман тәріздес бұлыңғыр бірдеңе көк жүзін түгел торлап алды да, күннің көңілді шуағын жер бетіне түсірмей қойды.

Мектептен тісі ауырған адамдай қабағымды қарс түйіп, шытынып келдім. Бүгін кешке педсоветте мен жөнде арнаулы мәселе қаралмақ. Не деп шешер екен? Директордың бағанағы: «Бұдан былай бұл мектептің қабырғасында қалуың қыйын болар» дегені нені аңғартады?

Қабағымдағы қайғыны әжемнің көзі бірден шалды.

— Немене, бір жерің ауыра ма сенің?

Мен портфелімді стол үстіне лақтырып тастай бердім де, бүгінгі жаңа келген газет-журналдарды алып, үнсіз тұнжыраған күйде тысқа шығып кеттім.

Қораның үстінде жуықта ғана үйілген шөп бар-ды. Сатымен өрмелеп, соның төбесіне шықтым. Мына бір құстың ұясындай жұмсақ жайлы қуысқа жатып алып, күнде кітап оқыйтынмын. Оңаша жан тыныштығын іздеп, сол араға етпетімнен құлай кеттім.

Біраздан соң мені іздеп, үйден әжем шықты.

— Қожа! Әу, Қожа! — Менен жауап болмаған соң ол өзіне өзі, — япыр-ау, тамағын ішпей, қайда кетіп қала қойды әлгі неме, — деп, үйге қайта кіріп кетті.

Менің ойлап жатқаным мынау еді: барсам ба екен кешке педсоветке, бармасам ба екен?

Ақыры: «Бармайын, — деп бекіттім ойымды, — қолдарынан келгенді істеп алсын!»

Осы кезде аяңшыл торы ат мінген, астында теңкиген қос ала қоржыны бар бір әйел сонау басқа көшеден селоға кеп кірді де, ешқайда бұрылмастан тура мектепке бет алды. Мен оның өзінен бұрын астындағы атын таныдым. Сүт фермасының бастығы Оспан мініп жүрген тыртық сан торы. Бұл дәу де болса, жайлау адамы деген ой келді маған.

Салт атты бұрыштағы директор бөлмесінің тұсынан өтіп бара жатып, ішке еңкейіп

қарады. (Кім бар екен деген болу керек). Сонан соң тура мектеп алдындағы мама ағашқа келді де, атынан түсті.

Тор аттың осы кезде дүр сілкініп қоя беруінің өзі-ақ жолаушының алыстан суыт жүріп келгенін танытқандай.

Жолаушының кім екенін мен енді таныдым. Бұл менің мамам — Миллат еді. Ол атының бусанған денесін малсоқ көзбен бір шолып қарап өтті де, басындағы сары ала шаршысын жүре түзеп, мектепке қарай бет алды.



Ал, енді ол мектепке кіргеннен кейін болған әңгіме мынау еді, достарым: (Мен бұны мамамнан естіп білдім.)

Ахмет кабинетінде жалғыз отыр екен. Мамам рұқсат сұрайды да, кіріп барады. Мәдениетті, инабатты адам емес пе!

— Оу, біздің жеңгей келіп қалыпты ғой жайлаудан. Төрлетіңіз, — деп орнынан тұрып қарсы алады Ахмет, — Міне жайлау адамы бесенеден белгілі. Бұрқыратып қымыз иісін ала келдіңіз ғой. Ал, шаруаның күйі қалай? Быйылғы жайлау тамаша деп естіп жатырмын. Бір барып қайтқым-ақ келіп еді, бірақ көрдіңіз бе? — деп, Ахмет үйдің жаңадан ақталып, өрнектеліп сырланған қабырға, төбелерін көзімен нұсқап өтеді. — Мектепке күрделі жөндеу жүргіземіз деп, ешқайда да шыға алмадым.

Мамам Ахметке жайлау хабарын қысқа айтады да:

— Қарағым, Ахмет, әлгі біздің бала қа-

лай оқып жүр? — деп сұрайды. Ол кісінің ынтығып, білейін деп келгенінің өзі осы ғой.

— Қызыл отау меңгерушісінен сізге хат беріп жіберіп едім. Алдыңыз ба? — дейді Ахмет.

— Соны алған соң ғой қол-аяғым жерге тимей, таңазаннан шығып келіп отырғаным. Ей, шырағым, ол қу тағы нені бүлдіріп қойды? — дейді мамам.

— Нені бүлдірді деріңіз бар ма, — деп баяндай бастайды Ахмет. — Әлгі Сүгірдің Сұлтанына ілесіп, мүлде бұзылып кетті балаңыз. Екеуінің жүрген жерлерінің бәрі сойқан. Шығармайтын сұмдықтары жоқ. Бригадир Балабектің байлаулы тұрған қабаған итіне етке ине шаншып тастап, өлтіріп қоя жаздапты. Осыдан төрт күн бұрын біздің әкей тоғайда ат іздеп жүрсе, бір қалың талдың арасынан будақтап түтін шығады. Орманда от жағып отырған бұл кім деп барса, сіздің балаңыз бен Сұлтан. Үлкен бір ақ қазды, жүнін шала жұлып, теңкитіп үйтіп отыр дейді екеуі.

— Ей, неғып отырсындар? Мына қаз кімдікі? — деп, алқымға алыпты әкей.

— Бұл қазды атып алдық, — деп жауап беріпті Сүгірдің баласы беті шімірікпестен.

— Мылтықтарың жоқ, немен атып алдыңдар?

— Садақпен атып алдық!

— Өй, қутұяқтар, тағы кімді сорлатты екенсіңдер, — деп, әкей үйге келсе, Мороз қарттың кемпірі:

— Бір қазымды ұрлатып алдым, — деп зар қағып, таба алмай жүр екен.

— Әлгілердің тоғайға апарып сойып жегені сол Мороздың қазы болып шықты. Ал, балаңыздың бұрнағы күні өздеріне қазақ тілінен сабақ беретін Сәбираға істеген сұмдығын өзіңіз де естіген боларсыз, — дейді Ахмет.

Мамам мұны естімеген екен:

— Ей, әкем, Сәбираға не істеді ол? — деп, шошып кетеді.

— Естімедіңіз бе? — дейді Ахмет.

— Естісем құлағым көрең болсын. Таудан келген бетім осы. Еш жерге бұрылған да, ешкімге жолыққан да жоқпын, — дейді мамам.

— Ол бұрнағы күні, — дейді Ахмет жайбарақат үнмен, — сабақ үстінде Сәбираның редикуліне білдірмей тірі бақа салып қойыпты. Мұғалім тақтаға есеп шығарып болып, орнына келеді де, редикулінен ормалын алмақ болады. Сол кезде әлгі бақа тарбаң етіп, оның алақанына секіріп түседі, Өзі де секемшіл, қорқақ жан еді. Бар дау-



сымен шыңғырып, өңі құп-қу болып, сілейіп тұрып қалады. Сонан сабақ беруге халі келмеген соң, үйіне апарып жатқызғанбыз. Бейшара, айы-күніне жетіп отырған екі қабат еді... Сол күні баласы өлі туыпты... Қазір ауруханада жатыр, — дейді Ахмет.

Мұны естігенде мамам екі көзі шарасынан шығып кете жаздап, жағасын ұстайды да:

— О, сұмдық! — дейді өңі бұзылып, қалшылдап. — Мұнан өткен сұмдық іс болар ма! Құрып қалған қу жалғыз, құрайды екен бұл! Құрайды екен. Ей, шырағым, енді қайтпексіңдер ол баланы?

— Кешке педсоветте талқылап шешеміз. Балаңызды ертіп келетін болыңыз, — дейді Ахмет.

Осы әңгімеден кейін мамам кетуге ыңғайлана берген екен. Сол кезде директор-

дың кабинетіне есікті кең ашып, колхоз бағының күзетшісі, ұзын бойлы, қара мұрт Сәрсенбек кіріп келеді.

— Рұқсат па директор?

— Келіңіз, Сәке! — дейді Ахмет оған. — Сіздің үйге кіріп алғаннан кейін рұқсат сұрайтыныңыз қызық екен.

Директордың бұл ескертпесіне Сәрсенбек:

— Сен елуге келген мені сынап-мінемей-ақ, ана тәрбиендегі жас балаларды жөнге салып алсаңшы, — деп жауап қайырады. — Қусыйрақтар, енді колхоздың тәжірибе участогіндегі алма бағын тонамақшы. Түнде бір-екеуін қуып ұстай алмай қалдым. Бағана таңертең қарасам, біреуінің фуражжасы түсіп қалыпты. — Сәрсенбек плащының қойнынан бір оқушының фуражжасын суырып алып, директорға ұсынады, — Мә, таныймысың?

— Қайдан таныйын кімдікі екенін? — дейді Ахмет фуражжаны қолына алып, айналдыра қарай бастап. — Ер балалардың бәрінің кигені осы ғой қазір.

— Әйтеуір сенің оқушыларыңның бірінікі екені даусыз, — дейді оған Сәрсенбек, — мен мұны саған дүкеннен сатып әкеп отырған жоқпын.

Сол арада қолындағы фуражжаны айналдырып қарап отырып, кенет:

— Ұры табылды, — дейді Ахмет.

— Қалай таптың? — деп сұрайды Сәрсенбек.

— Міне, өзінің кім екенін ол жазып қойыпты.

Фуражжаның кенере астарының астына сыя қарындашпен «Қожа» деп, оңай өшпестей етіп баттыйтып жазған жазуды Ахмет Сәрсенбек пен мамамның алдына тосыпты.

(Соңы бар.)

АРА

Бақтағы көп аралар,
Бақбегімен барабар.
Тозаңдатты гүлдерді,
Бал да жыйнап үлгерді.

Бос кетпепті еңбегің,
Шырын екен тергенің.
Жыйна, ара, тағы бал,
Сотқар тисе шағып ал.


Ә. ТАБЫЛДИЕВ.

КҮНБАҒЫС

Күн шығып көк жиектен арайланды.
Күнбағыс көңілденіп қарай қалды.
Ізетпен басын иді салбыратып,
Күн көзі тұрғандай бір балбыратып.

Ақырын кете берді күн де алысқа,
Тұр солай басын иіп күнбағыс та.
Қашан да күн бағытын ұстайды ол,
Әдепті жас балаға ұқсайды ол.

С. ЖИЕНБАЕВ.



ФЕСТИВАЛЬ ҚАРСАҢЫНДА

ҚЫЗЫҚТЫ ІСТЕР

Алматы қаласындағы пионерлер ұйымы быйылғы жылы Отанымыздың астанасы — Москва қаласында өткізілетін жастар мен студенттердің бүкіл дүниежүзілік фестиваліне қызу әзірленуде.

Қаладағы Пионерлер үйі мен жас техниктер станциясы біріге отырып фестиваль құрметіне жүргізілетін әзірліктің шарттарын белгіледі. Онда ең алдымен қаладағы әр пионер өзі тұратын үйдің ауласын түрлі түсті гүлдерге бөлесін деп міндеттелінді және Пионерлер үйінің жанындағы үйірмелердің жұмыс жоспарлары қайта жасалды. Барлық үйірмелер өз жұмыстарын фестивальға арнады. Мысалы: Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің үйірмесіне қатысушылар фестивальға арнап халық композиторы Құрманғазының бірнеше күйлерін үйреніп жүр.

Шет мемлекеттен келген қадірлі қонақтарға өнерлерін көрсету үшін жас авиамоделистер қызу әзірлік жасауда. *Бірінші суретте:* 4-ші мектептің оқушылары Иванников Валентин мен 22-мектептің оқушысы Отарбаев Хасен өздерінің модельдерін ынтамен жасап отыр. Хореография үйірмесі «Сары жапырақ» деген балетті дайындап жүр. Бұл үйірмелерге қатысушылар өз өнерлерін фестивальға қа-



тысқан қонақтарға арналып қойылатын үлкен концертте көрсетпек.

Екінші суретте: шебер колдар үйірмесіне қатысатын қаладағы 54-мектептің оқушылары Нина Арсенова, Лида Шустова кесте өнерін жақсы білетін В. С. Головенконың басшылығымен Москвада өтілетін фестивальға сыйлық ретінде ұсыну үшін әдемі альбом әзірлеуде.

Автомобиль үйірмесінің мүшелері И. А. Беляев жолдастың басшылығымен үстіміздегі жылдың жаз айында Қытай халық республикасының шекарасына дейін фестиваль құрметіне жасалатын жорыққа қызу әзірленуде.

Пионер үйіндегі пионерлер бөлмесінің кіреберісінде «Біздің шетелдік достарымызда» деген жылжымалы фото көрмесі ұйымдастырылған. Мұнан шетелдік жастар одағының значектерін, Пионерлер үйіне ұдайы келіп тұратын шеттен келген қонақтардың сыйлықтарын көруге болады.

Алматы қаласындағы Пионерлер үйінің жанындағы 28 үйірменің барлығы да өз жұмыстарын Отанымыздың астанасы Москва қаласында быйылғы жылы өтетін жастар мен студенттердің бүкіл дүниежүзілік фестивалінің құрметіне бағыштауда.

В. Герасимов.

Алматы қаласы Пионерлер үйі жанындағы пионерлер кабинетінің меңгерушісі.

Өз ақылмен



Әңгіме

Қылаулап қар жауып тұр. Балапанның мамығындай ақ ұлпа жұрт аяғымен көк мұзға айналған көшені бірте-бірте көме түсуде. Жел жоқ. Аяз — бет қызарталықтай.

Он жасар Мырзабек Бейсенов елпектеп ұшып келеді. Аяғында — ағасынан кейін өз еншісіне тиген қонышы кирза былғары етік. Етік резинка табанындағы бұжырынан жүрдай болса керек, кішкентай иесі әлсін-әлсін тайғанай береді.

Мырзабек өзімен-өзі сөйлесіп келеді. «Бәлем, сені ме енді?!» — деп кластасы Нұржанов Сейтжанға сырттай қыр көрсетті.

Расында да Мырзабектің Сейтжанда ұпайы кетіп жүр. Бұлардың құмар ойыны — хоккей. Әр жексенбі сайын үшінші кластың барлық еркек кіндіктілері тепе-тең бөлініп, катокта хоккей ойнайды.

Кәдімгі ересектер ойнайтын хоккей добын әкеліп жүрген де Сейтжан. Оның үлкен ағасы осы ойынның шебері. Ағасынан жұқса керек, әділдігін айтқанда, осы ойынды алғаш ұйымдастырушы да Сейтжан. Шәкірттер екі бөлінгенде біреуінің капитаны — ол, екіншісінің капитаны — Мырзабек болады. Сейтжанның допты айдайтын имек таяғы — клюшкасы бар. Фабриктен шыққан. Мырзабекке ондай таяқ түсіне енеді...

«Енді ме, бәлем?! Тоқтай тұр, жігітім! Келесі жексенбі жалынсын саған!» — деп өзінің көбінесе ұтылып қала беретінін есіне алып келе жатқан Мырзабектің қазір қуанышы қойнына сыяр емес.

Мырзабектің аққұбаша кескіні, жан толқынысына қосыла аяз өпкендіктен болар, нарттай қызыл. Шолақ мұрынның делдектеу танауларынан бу, көз ілестірмей, бұрқ-бұрқ етеді.

Мырзабектің, былайынша, Сейтжаннан күші басым екендігін балалардың бәрі мойындайтын. Конькиді жарыста тебу жөнінен де Мырзабек Сейтжанды ілестірген емес, оны қуса ұстап, қашса жеткізбей кететін-ді. Оқу жөнінде де Мырзабектің Сейтжаннан екі төрттігі артық болатын.

Ал, бірақ хоккей ойынына шыққанда Сейтжан Мырзабекті талай рет ұқсата ұтты. Кішкентай Нұрманов хоккей жөнінен спорт шебері ағасынан үлгі алатын. Ойынның әрқыйлы әдіс — тәсілі туралы ересек ойыншылардың айтқандарын мүмкіндігінше жадына ұстап, өз командасына соларды әлінше орындатуға тырысатын.

Мырзабек олардың ойынының бұл жағын көрсе де, оған онша мән бермеді. Допты қақпаға айдап тығушы көбінесе Сейтжанның өзі болғандықтан, Мырзабек бар пәле оның ойынынан бұрын таяғында деп түсінді.

Ал, өзінікі таяқ сыяғы жоқ, қолдан жасалған бірдеңе: басы шокпарлау келген жарты құлаш жыңғыл. Қарсы жақтың ойыншыларын, әсіресе, Сейтжанды артқа тастап, зымырап келе жатқанда, таяғы түскір бұлт етіп, допты жетегіне ерте алмай артқа қалдыра береді. Немесе үйіргенде икемге келмей доптың о жақ-бұл жағында ғана жүреді. Кейде өлдім-талдым деп допты қарсы жақтың қақпасына жақын әкеліп, ұрып қалады. Бірақ таяқтың допқа не бұдыр, не кедір жері барып тиеді де, оны беталды зымыратып жібереді. Сөйтіп, бар еңбегі зая кетеді.

«Маған да сондай таяқ сатып әпер» деп Мырзабек апасының алдында талай рет қыңқылдады да. Таяқтың бағасы — 30 сомнан астам. Бірақ, күйеуі екеуі екі жақтап жұмыс істегеннің өзінде тапқандары бес бала мен бір қарияны асырауға әзер жетіп жүргендіктен, Мырзабектің қыңқылы сол қыңқыл күйінде қала беруші еді.

Енді қаладағы артель әдейі балаларға арнап таяқ шығара бастапты. Бағасы да арзан — 15 сом. Осы таяқтардың алғашқы тобы кеше дүкенге түскен.

Келесі орамның ортасында спорт дүкені бар. Өне, оның қызыл сырмен сырланған есігі де ашылды.

* * *

Орамның бұрышына жеткенде, жұпынылау киінген бір қыз бала бұрыла беріп тайып жығылды. Қолындағы дәу көк круж-

касы анадай жерге ұшып кетті. Кружка толы қаймақ шашырай төгіліп, қарға сіңе бастады.

Қыз бала жалма-жан орнынан тұрды. Үстіне жабысқан қарын қақпастан, еңіреп қоя берді. Әрлі-берлі өтіп жатқан жұрт оған көңіл аудара бастады.

Шелпек көлемді бас киімінен, аяғындағы ұзын қоныш қызыл ботинкасының тобықтан жоғары жеріне дейін көкшіл-сұр қаракөл көмкерген бір жас әйел еңіреп тұрған қызды көргенде, бұрынғы ауылнайлардың киіз портфеліндей көкшіл-сұр қаракөл муфта-сымен бетін көлеңкелеп, тоқтамастан өтіп кетті.

Финанс мекемесінде істейтін болса керек, есепшот қолтықтаған бір кексе әйел:

— Абайласаң болмай ма, шұнақ қыз! Енді несіне көзіңнен сораңды ағызып тұрсың, үйіңе бармай? — деп тақылым айтып кете барды.

Завод жұмысшысы болса керек, аспаптар толы қобдиша көтерген бір қара мұртты кісі тоқтап:

— Жылама, балам, жылама. Қайда тұратын едің? Сені қаймақ әкелуге жіберген мамаң ба, әлде әжең бе? — деп егжей-тегжейлі сұрау бере бастады. Өзі қойнына қолын жүгіртті.

Қыз домбыға қызарған кішкене жұдырықтарымен екі көзін бірдей уқалауда.

— Мамам жіберді... Серік дейтін інім қатты ауырып, жаңа-жаңа тәуір бола бастады. Дәрігерлер соған қаймақ беруді қосқан екен...

Екінші бір қалтасына қолын сала беріп, жұмысшы:

— Әкең қайда істейді? — деді.

— Папам бізбен тұрмайды... Басқа әйелі бар...

Қыз бұрынғысынан да қатты егіліп жылап жіберді. Жұмысшының да қою мұртының ұштары едірейіп кетті. Қаншама ақтарғанмен, қалтасынан ештеңе таппаған ол:

— Енді жылағанмен не өнбек. Жылама, қалқам... — деп маңдайынан бір сыйпады да, ілгері жүрді.

Тапалтақ, месқарын бір полковник қыздың жанынан өте беріп:

— Жылама, қызым, ұят қой көшеде жылауың... — деді де, талтаң басып, ол да жайына кетті.

Оң қолында таяғы, сол қарына азық-түлік сумкасын ілген бір кемпір шықты бұрыштан.

— Ойбой, байғұс-ай! Бұл не қылғаның?! Шешең өлтіреді енді сені... — деп жылдам сөйлеп шұбырта жөнеліп еді:



— Мамам бізді ұрмайды. Бірақ осы 15 сомнан басқа мамамда нан алып жерлік те ақша қалған жоқ...

Баланың айтып тұрғаны рас еді. Ана қызын дүкенге жіберіп, өзі еңбекақы алғанға дейін (оған әлі бір жеті бар-ды) таныстарынан қарызға ақша сұрай кеткен болатын.

Балалық әуесқойлығы жеңіп, манадан бері осылардың бәрін сырттай қадағалап

тұрған Мырзабектің 15 сом деген сөзді естігенде, ақша ұстаған алақаны ду ете қалды. Қыйғаштау қой көздерін қыздан айыра алар емес.

— Алда, байғұс-ай... — деп көмпір ескілеу сары орамалға оралған ақшасынан бір үш сомдық шығарды да, қызға ұсынды.

Дүкеннен таяқ сатып әкеле жатқан балаларды көргенде, Мырзабек те соларға қарай бұрылды. Қолындағы ақшасын біресе қалтасына салып, біресе тоқтай қалып қайта шығарып, өзімен өзі арпалысып келеді. Сирек келген қара қастары тас түйілген. Дөңгелек жүзінде жас жанға тән алай-түлей сезім серпілісі байқалады.

Жаңағы өзі тұрған бұрыштан анадай жер алыстай бергенде, Мырзабек түсіңкіреп кеткен еңсесін тік көтеріп алды да, артына күрт бұрылды. Көзімен жаңағы қызды іздеді. Оң қолында көк кружкасы, сол қолымен үш сомдық ақшаны желбіретіп ұстаған қыз, сеңдей басып, орамды айнала берді.

«Көз жазып қалмасам игі еді! Ай, осы менде бар ғой адамшылықтан жұқанақ болса бұйырмасын!..» — деп Мырзабек өзін-өзі зәбірлей күңк етті. Бар пәрменімен қыздың соңынан жүгіріп ала жөнелді.

— Ей, кім?... Кім деймін...

Мырзабек қызды қуып жетсе де, алқынып, айтарға сөз таппады. Қыздың арықтау иығына қолын қойып еді, ол қуғыншыға ызалана, жақтырмай жалт қарады да:

— Не керек өзіңе? — деп назалана үн қатты.



— Атың кім?

— Оны қайтпек едің?

Мырзабек шынымен-ақ сасулы. Кішкене қара кірпіктерін қайта-қайта жыпылықтата береді.

— Айтпасаң айтпай-ақ қой... Мә, ақша. Серік ініңе қаймақ сатып апара ғой. Он бес сом. Бір кило қаймаққа жетеді де тұрады...

Мырзабектің ұсынған ақшасына емес, нарттанған аққұбаша кескініне, күн сәулесіндей жайма-шуақ көз жанарына қарап, қыз таңырқап тұрып қалды.

— Алсайшы енді, ал деген соң. Қашанғы тұрамын... Дайындайтын сабағым бар... — деп Мырзабек жасанды қатуланған болды.

— Көп рахмет! Менің атым — Сақыш. Өзіңніңше?

Қыздың үлкен көзді қараторы кескінінде шексіз алғыстың лебі ойнады. Енді қуанғаннан жылап жібергелі тұр.

— Атым — Мырзабек... Оны қайтесің? Жарайды... — деп қолын бір сілтеді де, артына бұрылмастан үлкен етігімен шыйыр қарды шықырлата басып, жөніне кетті. Қыз оны көп жерге дейін көзімен шығарып салды.

* * *

Есіктен кірмей жатып, Мырзабек:

— Апа! Апа!.. — деп айқайлап жіберді.

— Кәне, көрсетші көптен бері көксеген таяғыңды? — деп өзіндей аққұба реңді анасы Айжан да Мырзабекке қарсы шықты. Әкелген таяғы жоқ болса да, көкірегін шаттық керней арсалаңдаған ұлын көргенде, ана не дерге білмей аңырулы.

— Апа! Сен ұрыспайсың ғой, ә? Мен өзің берген он бес сомды қайда жұмсағанымды айтайын... — Анасы аузын ашып үлгіргенше, бала бастырмалай сөйлеп кетті. — Апа, білесің бе, әлгі... бар ғой бір қыз бала қатты науқастан жаңа айыға бастаған інісіне апара жатқан...

Мырзабек аптығып-үптігіп, анасына болған оқыйғаны түгелдей айтып берді де: «Мұным дұрыс қой, ә? Ұрыспайсың ғой маған?» дегендей шешесінің мойнына асыла кетті.

Баласын құшырлана маңдайынан иіскеген Айжан:

— Бұл өз ақылың ба, әлде біреу үйретті ме... — дей бергенде:

— Апа, мен мұны өз ақылыммен істедім! — деп Мырзабек шаттана үн қатты.

— Мейірбандығың мен ақылыңнан айналайын сенің, құлыным! — деп анасы Мырзабектің бетінен алма кезек сүйе берді.

Ө. Қанахин.

ЖАС ТАЛАПТАР ТВОРЧЕСТВОСЫ

ІНІМНІҢ СӨЗІ

Отыр інім міне өзі,
Бір ағашты жоңқалап,
Қызық тегі мінезі,
Мысығына ол қарап:



Дейді,— шықсаң далаға,
Су болады ішігің.
Шаңғы жасап бермесем,
Омбылайсың, мысығым...

Ә. ТІЛЕУБЕКОВ.

БАЛАПАН

Мысал

Ұя басты бір тауық,
Күндіз-түні тұрмастан.
Еңбек етіп жем тауып,
Жүрді қораз тынбастан.

Қуанысты, қосып бас,
Көрші соқты алақан.
Жұмыртқадан шықты жас,
Үрпек жүнді балапан...

Жылжып талай жыл кетіп,
Қуды күндер көп айды.
Балапан да ер жетіп,
Қанат, құйрық қатайды.

Сонда да ол ұядан,
Шықпай,— жаспын...— дейді әлі.
Ата-ананың аузынан,
Ұялмай дән жейді әлі...

Еңбек сүймес «асылдар»
Бар ғой мұндай масылдар.

С. БАЙМАХАНОВ.

БӨБЕКТЕР ҮШІН

1. ҚЫСТА

Әкелді ағам доп сатып,
Қар басып жерді кеткенде.
Қойды әжем оны сақтатып:
«Ойнайсың,— деп,— көктемде».

Ойнасам деймін: «Көктемді
Күте аламын мен қанша!!
Қар ерісе қайтеді
Қайта-қайта жауғанша!

2. СЕН ҮШІН

Былдыр-былдыр үн қатқан,
Балақан-ау, балақан,
Сүт пісіріп сен үшін
Демалмай жүр әлі апам.

Үлдесең ұйықтамай,
Бесігіңді қозғап жай
Отырмын ғой сен үшін
Қуыршағымды ойнамай.

Болмашы тек жылауық,
Ақылды болшы тіл алып
Қалмайық біз сен үшін
Қонақ келсе ұялып.

Қ. МҮСІРЕПОВ.

ҰЯЛАС КҮШІКТЕР

Келе жатып ерегісті екі дос:
— Менің итім сенікінен қабаған.
— Құр мақтанба, сөздеріңнің бәрі бос,
Түк әлі жоқ, біздің Ақтөс талаған.

Таластырмақ боп келісті шешімге,
Қойсын ба ыза бойларында кернеген.
Еркінбектің өтірігі есінде,
Ақтөсінің жеңгенін ол көрмеген.

Ойнап кетті қуаласып асыр сап,
Босатқан соң мойынынан ілгекті.
Екі дос тұр үн қатпастан таңырқап,
Күшіктердің ұяласын білмеptі.

Т. ИМАНБЕКОВ.



КҮШІК ПЕН ӨТЕШ

Мысал

Егістік жақтан көк күшік,
Әкелді дәнді собықты.
Жанына үйдің келгенде,
Оған бір өтеш жолықты.

— Жүгері,— деді қыт-қыттап,
Келді де жақын қасына.
Алмақшы болып собығын,
Күшіктің тепті басына.



Ызаға күшік тұншықты,
Өтешті қуып бассалды.
Бір жерде кеуде селтеңдеп,
Бір жерде шоршып бас қалды.

Озбырлық опық жегізер,
Өттегене-ай дегізер.

М. ҚЫСТАУБАЕВ.

МЫСЫҚ ПЕН ТОРҒАЙ

Торғайды байладым
Мысықтың мойынына.
Екеуін қайрадым,
Қызығып ойынына.

Торғайым алыстап
Әрине ұшпады,
Мысығым жаныштап
Бассалды — ұстады.

Ол сыртқа зытты әрі,
Торғай тек шыйқ етті.
Ойын деп құптадым
Жемес деп шикі етті.

Аз уақыт кетті өтіп,
Мысығым үйде жүр.
Манаурап, торғайсыз:
Сүйретіп жіпті құр.

Ж. КАРБОЗИН.

ЛУ СИНЬ ТУРАЛЫ ҚЫСҚА ӘНГІМЕЛЕР

Лу синь — ұлы Қытай халқының ұлы жазушысы. Ол 1881 жылы Шаосин деген уездік қалада туған. Оның туғанына 75 жыл толған күнін еліміз өткен жылы сентябрь айында атап өтті.

Ұлы жазушы Лу синь туралы Да янь мен Ван чжаньнің осы қысқа әңгімелерін «Шаоянь Вэнь» журналының 1956 жылғы 10 санынан аударып беріп отырмыз.

БҰРЫМ ҚЫЮ

СИНЬ ХАЙ революциясының (1911 жылғы революция) жеңгендігі туралы хабар Шаосин қаласына жеткенде, Шань хуэй педагогикалық институтының оқушылары қатты қуанды. Оқушылардың бір талайы бұрым шаштарын қыйдырып тастады. Бірақ, бұл кезде Маньжу хандығының мекемелері Шаосиннан әлі қуылмаған болатын. «Бұрымы жоқ оқушылар мектептен шығарылсын!» деген бұйрық шығарды ол мырзалар. Оқушылар амалсыздан шаштарына жалған бұрым жалғап алды. Көп ұзамай Шаосинда да революция болды, әлгі мекемелер де қуылды. Шань хуэй педагогикалық институтына Лу синь директор болып келді. Жапониядан жаңа ғана оқудан қайтқан Лу синьнің ол кезде үстіне кигені ұзын етек шапан, аяғындағысы матадан тігілген киім еді. Ол кезде жасы 30 ға жақындаған Лу синьнің денесі толық, жүріс-тұрысы сергек болатын. Бәрінен де Лу синьнің бұрымы жоқтығына оқушылар ерекше назар аударды. Директордың бұрымы жоқ екен деген хабар оқушылар арасына тез тарайды.

«Жақсы болды-ау, директорымыздың өзі бастаған соң, осы құлдыққа байлаған қыл құйрықтың бізге керегі қанша!» — десті оқушылар. Сонымен оқушылардың тағы да бірталайы бұрымын қыйдырып тастапты.

ӨЗІНЕН БАСҚАНЫҢ ДА ПІКІРІМЕН САНАСУ

ІР күні Лу синьнің үйіне қонақ келеді. Оларға деп ресторанның ас алдырылады. Балық етінен істелген тағам да әкелінеді.

Лу синьнің баласы Хай ин үлкендермен бірге асқа отырады. Ол балық етінен істелген тамақты татып көріп, мынау жас ет емес екен депті. Бұл сөзге оның шешесі Сюй гуан-пин де, қонақтар да сенбейді. Сюй гуан-пин баласына балық етінен тағы да әпереді. Хай ин жеп көреді де, мұны да жас ет

емес деп күңкілдейді. Оған ешкім назар аудармайды.

Хай иннің жемей қойған етін Лу синь татып көреді, бұл еттің шынында жас ет еместігін байқаған соң қасында отырғандарға:

— Оның жас ет емес деп отырғанында негіз бар екен. Істің егжей-тегжейіне жетпей жеңіл қарау дұрыс емес, — депті.

Міне бұдан Лу синьнің өзінен басқа адамның да пікіріне соншалық мән бере білетін, тіпті баланың пікіріне де құлақ асатын адам болғандығын білуге болады.

АЙЛАЛЫ КҮРЕС



ІР үлкен кітапхананың қожайыны Лу синьмен бір кездескенде:

— Лу синь мырза, бізге бір кітап жазып берсеңізші, — дейді.

— Жарайды, — дейді Лу синь.

— Қаламақыны мол берем. Бірақ тыныс белгілері мен ақ қалған жеріне ақы төленбейді. Жазушылардың бәріне де осылай істеп отырмыз.

— Жарайды, — деп жауап қатты Лу синь. Көп ұзамай Лу синь кітабын жазып бітіреді. Оригиналдын әлгі кітапхананың қожайынына тапсырады.

Кітапхана қожайыны оригиналды бір-бірлеп ақтарып шығады да, қайран қалады. Оригиналда не тыныс белгісі, не ақ қалған жері жоқ, әр қағаз бастан аяқ жазуға лық толы.

«Тыныс белгісі жоқ, не бір де-бір абзац жоқ, бұл қайтіп кітап боп шығады?» — деп ойланып қалды кітапхана қожайыны.

«Тыныс белгілері мен абзацтың атқаратын ролі сөздің өз ролімен бірдей еді. Бірақ сен оны әрдайым есепке алмай жүрдің, оған ақы төлемедің. Ал, енді қайтер екенсің» — деп Лу синь ішінен мәз болады.

Лу синь өз өмірінде жауыздыққа, әділетсіздікке қарсы тынбай күресуші адам болды. Еңбекшілерді аяусыз қанайтын капиталистерге қарсы ол қашанда осылай күресуші еді.

Қытайшадан аударған А. САДЫҚОВ.



Бүркіт

Әңгіме

Сенбі күні қонаға жауған қар таң ата басылды. Сөйтсе де күн бұлыңғыр, жел жоқ, тізеден сонар¹ еді. Төртінші кластың балалары — Серік, Ермек, Ержандар жүгірісіп, әбігер болып жүрді. Өйткені жел тұрып кетпей, мынадай сонарда қоян аулауға шықпақшы еді. Мұндай омбы қарда қоян қаша алмайды; тазысыз-ақ барақы иттің қай-қайсысы болса да қоянның адымын ашырмайды. Қазір кәдімгідей ит болып қалған Сырттан, Қойөсер, Майлаяқтар біресе балаларға арсалаңдай еркелеп, біресе бірін-бірі қуып, асыр салып жүрді.

1 Жаңа жауған, із түспеген қар

«Жаңа дәуір» колхозының орталығы Сеңгірдің бауырына орналасқан. Оның төменгі жағындағы анау қарауытқан Қызыл шілік дейтін бұтаның іші — қоянның қалың жымы. Бұл — жұрттың бәріне белгілі: Балалар иттерін ертіп солай қарай келе жатты. Шілікке таяна бергенде үлкен бір қарақұс балалардың үстінде айнала қалықтап жүрді. Оны ең алдымен Ермек байқады.

— Дәуін-ай мына қарақұстың! Күшіген бе өзі? — деді.

— Күшіген осындай бола ма екен? Бүркіттің өзі ғой! Ағатайыма айтар ма еді... — деп, Серік ауыл жаққа жалтандай берді. Уәделескендей-ақ, жанына ерткен біреуі бар ағатайы Медеу де желе шоқрақтатып келе жатыр екен. Олар бүркітті бұрын көрсе керек. Медеу балаларға келе:

— Иттеріңе ие болыңдар!.. Бүркіт екен мынау!.. Тояттатып ұстайық, із кесіңдер!.. Қоян қағыңдар... — деп бастырмалатты. Өзінің екі көзі бүркітте.

Жолдасы із кесуге ұмтылды, бірақ балаларды айнала берді. Сөйтсе қоян бүркіттен қорғалап, балаларды шыр айналып жүр екен; жер де аппақ, қоян да аппақ, оны ешкім көрмепті. Із кесуші тебініп қалып, ізбен желе жөнеліп еді, бүркіт те айнала қалықтағанын қойып, Қарадырға қарай аға жөнелді. Бұл тереңдеу сайдың үстінде қайқаң етіп, аспанға бір шүйді де төмен қарай сорғалады. Жарқ-жұрқ етті де қоянға барып қонып қалды.

— Көрінбеңдер енді! Жотаның мына жақ астына!.. Тояттасын! әбден!... — деп, Медеу жотаның тасасына келіп, өзі де атынан түсе қалды.

— Кішкене жел білінейін деді білем. Жел арғы жағынан екен. Желге қарсы ұшса, көтеріліп кетеді... Әрі қарай ұшырмау керек, онда... Серік, Ермек, сендер мына өзекпен өрлеп барып, анау сары шоқының арғы бетіне барып жатыңдар. Біз белгі бергенде шоқының басына ереуілдеп шыға келіңдер. Сонда бүркіт сайдан төмен, ыққа қарай ұмтылады. Бірақ жемсауын² көтере алмай, бір домалап алады, алқынып, одан әрі қозғала алмайды. Оған дейін біз де айқасып қалармыз, құтылмайды сонда, — деді Медеу.

Балалар өзекті өрлеп Сары шоқының сыртына қарай кетті. Бүркіт ол арада, қанаты желпілдеп, қоянды сығымдағанын қойып, енді оны түте бастады. Қоянның көзін ойып алып, кесек-кесек еттерін қылғый берді.

1 Әбден тою (бүркіттің, ителгінің т. б.)

2 Бөтеге.



Мұндағы жұрт иек артпадан бәрін бағып жатты. Өлден уақытта қанатын құлаштай жайып жіберіп, анадая жерге секіріп түсті. Үрлиіп бір сілкініп алды да, сыйпаңдай таранып отыра берді.

Енді оның тоғын бастырмау керек, тез ұшыру керек болды. Тоғын басса, көтеріліп кетеді, ұстатпайды. Серіктерге дереу белгі берілді: Олар иттерін ертіп, Сары шоқының басын андағайлап шыға келді. Бүркіт шошынып, ыққа қарай далбақтай жөнелді. Бірақ көтеріле алмады, жер сүре жығылды. Енді қанатын дәрменсіз қаққан болып, аяқтай жөнелді. Сол арада Медеулер де жүгіртіп келіп қалған еді. Аттан түсе жүгірді. Бүркіт қанатын жайып, ыстықта солықтағандай аузын ашып, екі көзі қанталап, айбат шегіп, шалқалай берді. Медеу сырт киімін шешіп алып, бүркіттің үстіне жаба салды. Сөйтіп қапсыра құшақтай бергенде, бүркіт жембасарды¹ Медеудің білегінен салып кеп жіберді де енді бірімен үстіне жабулы киімді шеңгелдеп алды; бүркіттің тырнағы батпағанмен тегеурінінің өзі оның қолының жанын кетіріп бара жатты. Медеудің жолдасы жалма-жан бүркіттің санына шылбырдың ұшымен бұрау салып жіберіп, оның қолын лезде босатып алды.

Сөйтіп балалардың ермек үшін қоян аулай шыққан сапары бүркіт ұстаған қызық сапар болып шықты.

1. Тырнақ, тұяқ.

Бүркітті ауылға әкелген соң, жұрттың бәрі таңырқасты, бірі іреп, бірі сойып дегендей, бүркіт дегенде білетінінің бәрін айтысып жатты. Біреулер: «Балапан¹ екен» деп, енді біреулер: «Жоқ, тастүлек² болар», десті. Бірінің сөзіне бірі қонақ бермей, әркім әртүрлі жорыды. Сөйтіп отырғанда, бүркіт ұсталған хабарды естіп, колхоздың Түнқатар ақсақал бастаған аңшылары да келіп қалды. Түнқатар ақсақал сол өңірге белгілі құсбегі³ болатын. Балақбау⁴ орнына екі қанжығаны⁵ ілекерлеп, бүркіт ескі ұштаған тұғырға қондырыла салған еді. Түнқатар ақсақал жақын отырып алып, оны ептеп сыйпай бастады. Өлі асау бүркіт адамның жақындағанын жақтырмады, бойын ала қашып, тіпті шоқып алуға да оңтайланып қойды, аяқ бос болса, шауып қалатын ыңғайы да көрінді. Құсбегі онысына ырық бермеді, сыйпай берді. Тағының сескеншек денесі бірте-бірте үйрене бастады. Құсбегі сыйпай-сыйпай оның санын да, шаты мен топшысын да ұстап көрді. Сөйтті де төр жақтағы өз орнына отырып:

— Алтай тұқымы... Тірнек⁶ жылы быйыл... Айшығы біп-бітеу қыран құс болады, — деді.

— Балапан да, тастүлек те емес екен ғой, — десті отырған жұрт.

Бүркіт әкелінісімен Медеу жұқалау бір қайысты сегіз таспа етіп тіліп балақбау өре бастаған. Түнқатар ақсақал осы арада ұлтандық былғарының бір кесіндісінен томаға⁷ пішті. Етікші Есенжол оны айдарлап, лезде тігіп болды. Бүркітке кигізіп көріп еді, құйып қойғандай болып шықты. Балақбау өріліп болып, оның тілусіз қалдырылған жалпақ жақтары бүркіттің екі аяғын орай тігілді. Енді мына жақ басындағы шығыршықтан тиекті шыжым⁸ өткізілді. Сонан соң бүркітті қораға алып шығып, керулі арқанға қондырып қойды. «Асау бүркітті жуасытуға осы жақсы болады» — деді Түнқатар ақсақал.

1 Бір жасар бүркіт.

2 Екі жасар бүркіт.

3 Бүркіт ителгі, қаршыға, тағы басқа аңға салатын құстардың бабын білетін жетік адам.

4 Бүркіттің аяғына тағылатын шыйыршықты, өрме қайыс бау.

5 Ердің екі қапталының арт жағына өткізіп қоятын, жеңіл-желпі бөктеріншекті байлап қоятын екі тарау жіңішке бау.

6 Үш жасар бүркіт.

7 Бүркіттің басына, екі көзін жаба кигізіп қоятын жабдық.

8 Бүркіттің балақ бауынан шығыршықтарынан өткізіп қоятын, тиекті жіңішке қайыс бау немесе жіп бау.

Айтқанындай, асау күннен-күнге жуасый берді.

Сөйтіп, шырғаға тартатын мезгіл де болды. Медеу бүркітті күннен-күнге алысырақ жерге қондырып қойып, ұзын шыжымның ұшын өз қолында ұстап, бір үзім шикі етті оған көрсете бұлғап: «Кә! Кә!» деп шақыратын болды. Мұны көбінесе «шырғаға тарту» дейді, кейде «қызылға шақыру» деп те атайды. Сонда бүркіт күнде қолынан жем жеп жүрген иесінің қолындағы қызылға ұшып келіп қонатын болды. Бүркіт келе жатқанда Медеу сірі қолғап киген, қызыл ұстаған қолын оған қарай соза береді. Шетін шығарып қана ұстаған қызылды бір-екі жұлғызып, онан кейін сол қолымен қолқайтып астыңғы жағынан көрсетпей тартып ала қояды. Аз да болса бүркіт соны місе қылады. Шырғаға күнде осылайша тартады. Онан кейін томағасын кигізіп, тұғырына қондырып қояды. Сөйте-сөйте бүркіт түлкіге салатын бабына да келді.

III

Бүркітті түлкіге алып шығуға ыңғайлы күн болмай жүргенде бір қырбақ қар жауа қалды. Сеңгірдің түлкі көп жататын сайы Шатқалаң дейтін сай еді. Аңшылар ерте аттанып, соған қарай тартты. Тау бөктерлеп келе жатқан аң қағушылар түнгі жортуылдан қайтқан бір түлкінің ізін Шатқалаңның аузынан кесіп ала қойды. Қағушылар ізді бағытымен Шатқалаңды өрлеп жүре берді. Қамшымен қоныштарын тарс-тарс ұрып, қыйқулап қойып келе жатты.

Қағушылар Шатқалаңның аузына жақындағанда, Медеу Қоңыр жотаның Ырғайлы жақ бетімен өрлеп, Керегетастың басына келіп жеткен болатын. Сеңгірдің теріскейіндегі ең тұрғы жер осы еді. Бұл биіктен айнала алақандағыдай көрініп тұрады. Медеу бүркіт ұстаған қолын балдақтан шығарып алды. Балдақ ердің қапталының оң жақ алдыңғы шеттігіне байлаулы күйінде салбырап

келе жатты. Керегетастың арғы бетіне құлай беріп, аттан түсті де шылбырын Серікке ұстатты: күн жексенбі болған соң ол да бірге шыққан, бүркіттің түлкі алғанын өз көзімен көру үшін қағушыларға ермей, ағатайына еріп келген. Медеу кейін жүріп, Керегетастың басына шықты да томаға тартты. Бүркіт томағасы алынған соң неше қыяңға үңіле көз жіберді. Бүркіттің тілеп ұшуын Серік тықыршып күтсе де ол жуық арада ұша қоймады. Сөйтіп тұрғанда бүркіт алдыңғы жағына бір үңілді де екі қанатын қомдап, сымпыя қалды. Медеу де бөгемеді — қоя берді.

Бүркіт қанатын анда-санда бір-ақ қағып, құлдылап ұшты да, қайқаң етіп жоғары көтерілді. Сол бетімен қайта төңкеріліп, қанатын ұшардағысындай қомдап алып, төмен қарай түйіле келіп ақты. Аққан бойымен бауырдағы бір шоқының арғы жағына жоқ болды. Медеу мен Серік беттерін солай қарай түзеп, аттарының басын қоя берді...

Бауырдағы сол шоқының астында болары болып, бүркіт түлкіге түсіп қалған екен. Қағушылар сайдың арғы бетімен шауып, бергі бетіне өтерде қарға омбылап ат-матымен жығылып жатты. Сол арада бір бүйірден бір салт атты бүркітке қарай саржеліп келіп қалды. Атқа отырысы Балғабай ұстаның отырысындай екен, айтқандай сол болып шықты. Медеу келе бүркітті қызылға тар-

тып, қолына қондырып алды. Сол арада Балғабай:

— Үйіріңмен үш тоғыз! Жол «көлденең көк аттынікі!» — деп түлкіні байлатып алуға ыңғайланды.

— Бәлі, сендей «көлденең көк атты» бола ма екен? Көрмеген, білмеген жат адам болсаң, тағы бір сәрі! Жол, бәріміздің ішіміздегі жасы кішіміз мына Серіктікі, — десті аңшылар. Онысы рас та еді, түлкіні Серік байланды.

Сол арада жел тұрып, борасан бола бастады. Аңшылар енді ауылға тартты.

А. Елшібеков.



БАЛАПАН

Әділбектің тауығы он бес жұмыртқа басып шығарды. Барлығы да мақтадай аппақ, сүйкімді. Өздері күн өткен сайын өсіп келеді. Олардың енесі үлкен шұбар тауық балапандарының біреуін де шашау шығармай мәпелеп өсіруде. Кейде балапандармен ойнағысы келіп барған кішкентай ала мысықты да жолатпайды. Әсіресе, түнде екі қанатын жайып балапандарының бірін қалдырмай бауырына басып жатады. Әділбек көк шұбар тауығының ертелі-кеш ерінбей балапандарына жасаған мұндай қамқорлығын өте ұнатты.

Бір күні Әділбек бір тістем нан алып шықты да, сол бойы, балапандардың ортасына тастады. Көк шұбар тауық бөліп жеңдер дегендей құрқ-құрқ етіп жан-жағындағы балапандарын жыйнай бастады. Сол кезде бір балапан әлгі бір тістем нанды ала қашты. Басқалары дүркіреп қуып беріп еді, жүйріктігін пайдаланып жеткізбей кетті. Басқа балапандар: «жалғыз жеп сенің-ақ мүйізін шықсын» дегендей аналарының алдына қайтып келді. Көк шұбар тауық та әлгі озбыр балапанына риза болмаған сыяқты соңынан біраз қарап тұрды да, қалған балапандарын басқа жаққа ертіп жүре берді.

Әлгі балапан нанды тістеген бойы ашық тұрған есіктің артына тығылды. Сөйтіп нанды жерге қойып шұқый бастап еді, сол жерде жатқан кішкентай ала мысық оны көріп қалды. Нанды көрген соң оны да көңлі бұзылып балапанға тап берді. Балапан ши-ши-лап нанын тастай қашты. Осы уақытгаларды бастан-аяқ көз алдынан өткізіп тұрған Әділбек нанды өз ұяластарынан қызғанған



ұлпа жүнді балапанды жек көріп қалды. Ал, одан нанды тартып алған кішкентай ала мысығына іштей риза болды.

Т. Айдаров.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

СЕРІКТІҢ КҮШІГІ

Серік бүгін үйге әдеттегіден асыға кірді. — Мен Асайдың үйінен кішкентай күшік әкелетін болдым. мойнына жіп байлап кеттім. Жақсы күшік, әкелейін бе, әже, асыраймыз, қабаған болады,— деп жалына сөйледі. Әжесінің әкеле ғой дегені мұң екен Серік дереу жүгіре жөнелді. Әлден уақыттан кейін бір көзі сығырайып, екінші көзі әзер ашылып келе жатқан ала күшікті үйге алып та келді.

Енесінен ерте ажыраған күшік алғашқы кезде қыңсылап тек қана сүтпен тамақтанса келе-келе көздері ашылып есік алдында шапқылауды шығарды.

Арада көп күндер өтті. Ала күшік сергек болып өсті. Ол Серіктің жақсы серігі де болып алды. Серік өз күшігін қолға үйретіп «алғыр» етіп шығаруды армандады. Ала күшікті алдындағы екі аяғынан ұстап тік көтеріп есік алдында жем теріп жүрген тауықтарға қосып үйретті: Бірге ойнаған жолдастарына: — Менің ала күшігім қасқыр алатын болады, айтқаныңды бұлжытпай орындайды,— деп мақтанды.

Ала күшік өсе келе есік алдындағы жем жеп жүрген тауықтарды мазалай беретін болды. Серікті көрсе еркелеп екі аяғын көтеріп қыңсылайтын. Серік ала күшігінің бұл қылығына қызығып үйден өзі жеуге алып шықан нанның тең жартысынан көбін күшігіне сыйлап жүрді. Ала күшік Серіктің бөліп берген нандарын екі аяғын көтеріп секіріп келіп аузымен қағып алатын болды. Серіктің алғыр күшігі енді жөпшенгіге қанағат қылмайтын болды.

Бір күні Серік өз күшігінің тауықтарды быт-шытын шығарып қуып жүргенін көрді. Серік көңіліне секем алып қалды. Сөйткенше күшік ортада сасып қалған кішкене балапанды бас салды. Серік арашалап үлгермей-ақ күшік үшкір тістерімен балапанның



жемсауын жарып жіберді. Жаралы балапан екі аяғын қатты сермеген бойы жатқан орнында қос қанатын кезек сермеп тыпырлады да қалды.

Бұл уақыттан кейін Серік күшігімен араздаса бастады. Ала күшік Серіктің айтқанына көнбей, тауықты көрсе әлі де қуа жөнелуін қойған жоқ. Қазір Серік «алғыр» күшігін қайта тәрбиелеудің қамын ойлап жүрген көрінеді.

Ә. Күлкібаев,

Алматы облысы.

Д Ә Р І

Бір кішкентай қыздың шешесі ауырған соң, оған дәрігер келеді. Ол бір қолымен басын ұстап, екінші қолымен ойыншықтарды жыйнап жүрген әйелді көреді.

Ал, кішкентай қыз орындығында отырып алып:

— Сүт әкел! — деп бұйырады.

Шешесі талған белін әрең қозғап орнынан көтеріледі де, қызына сүт құйып береді.

— Қуыршағымды әпер, ботинкамды шеш! — деп тағы айқайлайды қыз.

Мұны көріп тұрған дәрігер:

— Қызы бұйыруын қоймайынша, шешесі жазылмайды! — деді.

ПЕЧЕНЬЕ

Шешесі табаққа печенье салады. Әжесі ыдыс-аяқтарды салдырлата бастайды. Бәрі стол басына келіп отырады. Вова табақты өзіне қарай тартады.

— Бір-бірлеп бөл! — дейді Миша қатаң түрде.

Балалар барлық печенье столдың үстіне төгіп, оны екіге бөліп үйеді.

— Тең бе? — деп сұрайды Вова.

Миша үймелерді көзімен мөлшерлеп:

— Тең! Әже, бізге шай құй! — дейді.

Әжелері екеуіне шай құйып береді. Стол басы тынышталады. Екі үйме печенье лезде азая береді.

— Үгілмелі! Тәтті! — дейді Миша.

— Угу! — дейді Вова толған ұртын аша алмай.

Шешесі мен әжесінде ұн жоқ. Печенье түгел желініп болған кезде, Вова қатты бір демалып, ішін сыйпалап орнынан тұрады. Миша соңғы печенье сін жеп болып, шешесіне қарайды. Ол әлі бір ұрттамаған шайын қасықпен араластырып отыр екен. Миша енді әжесіне қарайды. Әжесі қара нанның қыртысын жеп отыр екен.

В. Осеева.

ЕКІ ТАС

Вова екінші класта оқыйды. Күнде анасы оны ерте оятып, өзі жұмысқа, ал Вова сабаққа кетеді. Бүгін де ауладан шыққан бойда екеуі екі жаққа бұрылып, әрқайсысы өз бағыттарына жүріп кетті. Қанша ерте тұрамын десе де, күн Вовадан бұрын шығады. Бүгін де солай. Күннің қызуынан қорыққандай бұлттар да жасырынып қалған. Вова әдемі ашық аспанға қарап келе жатып сүрініп кетіп құлап қала жаздады. Тротуардың қақ ортасында екі тас жатыр екен. Оларды көрген адамдар аттап өтіп кетеді.

Асығыс бара жатқандардың бәрі бірден байқай бермейді, сүрінеді. Вова кішкене кідіріп тұрды да, екі тастың екеуін де тротуардың сыртына шығарып тастайды. «Бұл тастарды осы жерге әкеліп ойнап жүрген қандай балалар екен?» — дейді де ішінен, қолын бір-біріне соғып шаңын ұшырады. Сосын әдемі аспанға тағы бір қарап, жүріп кетті. Оның жаңағы қылығына разы болған бір үлкен адам мейріммен оның басынан сыйпады да, үнсіз өтіп кетті...

О. Жүсіпов.

СЕЙІТ НЕГЕ ҰЯЛДЫ?

Сейіттің үйінің жанында кішкене арық ағып жататын. Арықтың өткелі мектепке баратын жолдан біраз бұрылыста еді. Сейіт өткелмен оралып жүруді қыйынсынып, арықтың тарлау келген бір жерінен күнде қарғып өтетін. Бірде әжесі оған:

— Сейіт, сен енді бұл әдетіңді қой. Күн суытып жер қата бастады, тайып жығылың бір жерін жазым болар, — деді. Бірақ, ол әжесінің айтқанын ұмытып кетті. Арада бір-екі күн өткен соң, жаңбыр жауып таңертеңгі суықпен жер бетін мұздақ басты.

Сейіт күндегі дағдысымен арғы бетке қарғып өте бергенде тайып кетіп, суға күмп берді. Су алуға келген көрші үйдің әйелі малтырып жатқан Сейітті көріп, оның судан шығуына көмектесті. Салқын тиіп қалжыраған ол, екі жеті бойына ауырып, сабаққа қатыспады. Ауылдық дәрігердің көмегімен тәуір болып, мектепке жыйнала бастаған Сейітке әжесі:

— Қалай екен, балам, үлкеннің тілін алмаған, — деді.

Сейіт өз кінәсін үнсіз мойындап, ұялғаннан төмен қарады.

Б. Әбдіразақов,



УӘДЕ

Әңгіме

Еркеш таң сарғая бергенде оянды да, жалма-жан жыйнала бастады. Себебі ол бүгін мектептес досы Естаймен бірге ауыл сыртындағы орманнан құс аулауға уәде байласқан.

Шіркін, демалыс күнді өзен жағасында, орман ішінде өткізіп, онда тұнып тұрған таза ауамен демалып саялы көлеңкеде асыр салғанға не жетсін.

Осы оймен Еркеш тамақтанып, жыйналып та болды. Фляжке шай құйып мойнына асып алды. Жүгіргенде жеңіл болу үшін аяғына башмақ, басына ши қалпақ киді.

Бірақ, үйден шыға беріп, кенет тоқтай қалды: «Жоқ, бұл болмайды. Естай анада ши қалпақ киме, алыстан ағарандап құсты үркітесің деген». Дереу ши қалпақты тастап, көк тақыясын киді. «Енді онды болды. Көк тақыя көк жапырақ арасынан көз тартпайды. Ендігі жабдық Естайдан. Құс мылтық та, бәрі де сонда...»

Осыдан соң ол ұйықтап жатқан үй ішін оятып алмау үшін аяғының ұшынан басып, ақырын тысқа шықты да, Естай досының үйіне қарай сызып берді.

Естай анау жолы да көлге барып, құс атып қайтыпты. Сол сапарын Еркешке былайша баяндаған болатын:

— Өткен демалыста көлге құс атуға шықтым. Төбемізден құс сыпсыңы естілсе-ақ

болды, мылтығымыз екеуміз гүрс ете қаламыз, құс жерге дүрс ете қалады.

Еркеш таңданып, басын шайқап:

— Сонда осы сен қайтіп тигізе бересің, ылғый?

— Е, оның не қыйыны бар. Мылтығыммен көздеп, қатып қалам да, тартып қалам!

Еркеш күліп жіберді.

— Жә, құстан соң қайда бардың?

— Құстан соң үйге кеп, минерал суды ішіп алдым да, генералша шалқыйып жаттым. «Көрдің бе? Өзі ылғый ұйқастырып сөйлейді», — деп таңданды Еркеш. Естаймен құсқа шығуға да ол сол жолы уәделескен. Ол осы жайды есіне түсіріп келе жатқанда, Естайдың үйі де қараң етіп қарсы алдынан шыға келді.

Еркеш екпіндей басып кеп, үйдің есігінің тұтқасын тартып қалып еді, есік мызғымады. Сосын Еркеш нықырта тағы бір тартып қалды, бұл жолы топсаның тұсынан қара құлып салдыр ете түсті.

— Мәссаған, мынасы несі?! Мені тастап кетіп-ақ қалғаны ма?! Бірақ, мен уәделі уақытта дәл келіп тұрмын. Сағат тұра сегіз. Қой, ол мені тастамайды. Осы бір төңіректерде жүрген шығар, күте тұрайын. Өйткені уәде солай!

Еркеш Естайды күтіп, едәуір уақыт жүрді. «Шынымен-ақ мені тастап кеткені ме? Кел деген өзі емес пе еді, ойпыр-ай. Ә? Жоқ, жоқ әне кепе жатыр екен ғой. Бәсе! Өйтпейді ол. Жортартай басқан жүрісінен-ақ белгілі. Дәл соның өзі».

Еркеш үйдің бұрышын тасаланып тұра қалпы, кепе бергенде досының көзін баса қоймақ. Міне жақындап қалды, міне, міне өтіп барады. Еркеш сол кезде досына ұмтыла берді де, біреу мандайға ұрғандай қаптырып қалды. «Ойпыр-ай ө, мынау басқа кісі ғой! Тіпті өзі бала да емес, үлкен адам, бірақ сырт пішіні, жүрісі Естайға қандай ұқсас!»

Бейтаныс кісі Еркешке бажырая бір қарады да, жайына кете барды. «Қап, мынаның қылған қылығын-ай, ә? Ол енді шынымен мені тастап кеткен болды. Ойбай-ау, өйтетін болғанда бармаймыз деп кесіп бір-ақ айтпай ма?» Онда бұл да аяндамай, өзге жолдастарымен не көлге, не басқа бір жаққа кете берер еді. Енді келіп, не онда жоқ, не мұнда жоқ, тұрған тұрысын қарашы!

Осы кезде Еркештің көңіліне тағы бір күдік енді. «О, ол уәдеде тұрмағанымен қойса бір сәрі ғой, айтпақшы ол анада Мағаз деген баламен тым шүйіркелесіп кетіп еді-ау! Көлге сонымен кетпесе неғылсын? Айт-

ты, айтпады ол сонымен кетті» — деп түйді Еркеш ызадан жарыла жаздап. «Қарай гөр мұны? Е, сөйтіп сен уәдені бұзғаныңмен тұрмай, мені мазақ қып кеттім де! Қап, мынаның қорлығын-ай!» Осы кезде Еркешке бұрын өзі жақсы көретін Естай қайдағы бір сұмпайы адам көрініп, манадан бергі іште тұтанған ашу оты сыртқа теуіп шыға келді. «Оңбаған қылай неме? Тапқан ол мазақ қылатын кісісін. Кімді тәлкек қылады ол өзі, мені ме? Ендеше құс атудан қайтарсың, бәлем! Сонда жағыңның отын шығармасам, менің атымды өзге қой! Оңбаған қылай неме!...»

О, Естай қолына түссе ол не істемес еді қазір.



Естай қолына түссе, түтіп жіберердей боп, қатты ашу қысып келе жатып, Еркеш осы кезде өз үйінің жанына қалай жетіп қалғанын да аңғармапты. Күн де көтеріліп, сәске түс боп қалыпты-ау! Қарашы, осынша уақыттың босқа өлгенін. Қап бәлем, сені ме!...

Еркеш басын көтеріп қарап еді, ұста дүкенінің маңынан басқа жерде ауыл жымжырт екен. Жұрттың бәрі егін орағына кеткен. Жалғыз-ақ, өгізге тиелген бір арба отын ғана көше бойымен жылжып келеді.

Еркештердің үйінің жанында Мағрипа дейтін қарт әжей тұратын еді. Баласы, ері майданда қайтыс болып, бүгінде бір үйде жалғыз қалған. Жаңағы бір арба отын сол үйге қарай жылжып келеді екен. Көлік тоқтасымен арбадағы жеңіл бөренелерді екі бала екі жақтап, Мағрипа әжейдің қорасына кіргізе бастады, қыймылдары шыйрақ, пысық-ақ.

Бұларды ол манадан басқа біреулер ғой деп тұр еді. Бірақ жақындай келе бұл басқа біреулердің Естай мен Мағаз екенін танығанда Еркеш төбесіне біреу суық су құйып жібергендей тітіркеніп, сасқанынан бір орында қаққан қазықтай қатты да қалды.

Манағы ашу-ыза, кіжінулердің бәрі жайына қалды. Енді өзінен өзі қарадай қысылып, бармағын тістеді...

Осыдан үш күн бұрын колхоздан көлік алып, бір топ бала Мағрипа әжейдікіне осы отынды әкеп бермек болған. Бірақ, бір жаманы, сол әкеліспек болғандардың ішінде Еркеш те бар еді-ау! Мәссаған! Сол уәдесі тарс есінен шығып кеткені ме? Ал, құсқа шығу кейінге қалдырылып еді-ау! Ұят-ай, ә! Мана уәдеде тұрмадың деп, Естайды қандай қылмақ еді, қалай жерлеп, сөгіп еді десеңші! Қара басқанда енді келіп уәдеде тұрмаған Естай емес, өзі болып шыққаны ма, ә!

Еркеш құсаланып, басын шайқады. Жерге кірердей қатты қысылған Еркеш жолдастарымен жүздесуге бата алмай бір шетке тайқый жөнеле беріп еді, осы кезде Естай оны көріп қойып, айғайлап шақырып алды.

«Манағы менің өз ойлағанымды енді өзіме істесе түк жасқанбай, қайта мойнымды ұсына берер едім», — деп бекінді Еркеш. Бірақ, Естай мұның бірін де істеген жоқ, өйтіп сөккен де, ұрысқан да жоқ.

— Кел, Еркеш, кел, отын түсірісіп жібер, таңертең неге келмедің, біреу бір жаққа жұмсап жіберген жоқ па? — деді біртүрлі кешірімі мол, жұмсақ үнмен.

Естайдың бұл жылы сөзін есіткенде манағы өз сөзі өзіне одан сайын өрескел көрініп, Еркеш не дерін білмей, томсарып тұрып, жылап жіберді. Жылап тұрып, бар оқыйғаны екі жолдасының алдында айтып берді.

Екі жолдасы аз үнсіз тұрды да:

— Еркеш, жылама, өз қатеңді ұқсаң, біз кештік, — деді.

Жолдастарының кешіргеніне іштей риза болған Еркеш бар қуанышпен Мағрипа әжейдің қорасына бөренелерді тасып бастады.

А. Шаншаров.

САПАР ҚАЛАЙ ТҮЗЕЛДІ

Пионерлер дружинасының жыйыны өтіп жатқан кез. Залдағылардың бәрі де президиум столының оң жағында қабағын түсіріп түксіе төмен қарап тұрған оқушыға қадала қарасты.

— Айтшы өзің, тәртібіңді түзейсің бе? — деді дружина советінің председателі Мария Сапарға қарап.

Манадан бері үнсіз тұрған Сапар кенет басын көтеріп алып:

— Өз ақылыңыз өзіңізге! — деді де залдан тысқа қарай шыға жөнелді. Сапардың мұнысы ешкімге де ұнаған жоқ.

Күндер өте берді. Сапар бұрынғы қылығын қайталауын қойған жоқ. Сабақ үстінде үнемі сөйлеп отырады. Кейде алдында отырған оқушының желкесінен түйіп қалып, оған шек-сілесі қатқанша рақаттанып күлуді шығарды.

Сапардың мұншалық еркінсуі мектептегі бар баланы ойландырды.

Бірінші отряд тағы да жыйынға дайындалды. Дайындық үстінде оқу озаты Гайни Ағаділова Сапармен жеке көп әңгімелесті. Оның кемшілігін бетіне басты.

Міне, жыйын тағы да өтіп жатыр. Бөлменің кіре берісіндегі «Оқуда озат, тәртіпті бол, пионер!» деген үлкен әріппен жазылған ұран көз тартады.

Тағы да Сапар Жұмашевтің тәртібі туралы мәселе қаралды. Сапар жолдастарының алдында тағы тұр.

«Бұл жолы Сапар не айтар екен» деген ой әркімнің-ақ көңілін мазалайды. Басын үнсіз төмен салып Сапар тұр.

— Кәне, Сапар, сөйле, біз сені күтіп отырмыз, — деді звено вожаты Ажас Қойбағаров шыдамсыздана.

— Мен... Мен... — деген бір сөзді қайталады да, Сапар өксіп жылап жіберді. Оның көзінен шыққан жасты достары өз қатесін мойындағаны деп ұқты. Я, достары қателеспепті. Сапар сол жыйыннан бері өзін салмақты ұстайтын болды. Сабақ үлгеруі де жақсы. Міне, ұйымшыл коллектив оны осылай тәрбиеледі.

Қ. ЫБЫШЕВ.

Жасбуын жетіжылдық мектебі.
Аманкелді ауданы, Қостанай облысы.



СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?..

Бір тонна болат қорытып шығару үшін 270 тонна су жұмсалады.

Ағаш кеміретін қоңыз өзінің салмағынан 850 есе ауыр жүкті аркалап әкетеді.

Атом ядросының бөлшегі нейтронның ауырлығын сөзбен жеткізіп айтуға қиын. Бір май қасыққа толтырылған нейтрондар 210 миллион тонна тартар еді.

Сибирьде салынып жатқан Братск ГЭС-нің плотинасының биіктігі 126 метр болмақшы, бұл 30 қабат үйдің биіктігіне тең.

Жер үстінде адам баласы тіршілік еткелі 100 мың жыл шамасы болған.

Дүниедегі ең бойшаң адамның бойы 2 метр 83 сантиметр, ал ең тапал адамның бойы 42 см. болған.

Дүниедегі ең ауыр адамның салмағы 369 килограмға жеткен.

XVIII ғасырда өмір сүрген швед оқымыстысы Карл Линней өзінің «Өсімдік түрлері» деген кітабында 7300 өсімдікті сыйпаттап берген.

Қол шатыр бірінші рет Қытайда ойлап шығарылған.

Ржанка деп аталатын құс жылына мұхитты (Жана Шотландиядан Оңтүстік Америкаға дейін) екі рет кесіп өтеді. Бір сапарында 3800 километр жерге қонбастан ұшады. Сонда 60 грамм арықтайды.

Қазіргі заманғы реактив самолеттер 14—15 мың километр қашықтыққа қонбай ұшады және 18—20 мың метрге көтеріле алады.

Қазір анықталған насекомдардың түрлері 800 мыңға жеткен.

Мұқабаның бірінші бетінде Н. Лебедевтің «Мүз айдынында» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов Қ., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов, М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 16/1-1957 г. УГ01341. Бум. 84×108^{1/16}— 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 30.500.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2212.

924075

ЖЕТІКҮНДІК АПТА ҚАЙДАН ШЫҚҚАН

Уақыттың ең жабайы өлшем, бірлігі тәулік болып саналады. Жердің күнге қараған бетінде күндіз болғанда, көлеңке түскен екінші бетінде түн болады. Бір тәулікте жер өз осінен бір рет айналып шығады, сондықтан күн мен түн тәулігіне бір-ақ рет ауысады.

Ертеде халықтар он саусағының санына ғана байланысты бесоннан артық санай білмеген. Осыдан келіп бескүндік, яғни, «кіші» апта туған. Одан кейін екі қолының саусақтарының санына байланысты онкүндік, яғни, «үлкен» апта (декада) пайда болады. Мысалы Грецияда алғашқыда апта он күн болған. Жетікүндік апта ең алғаш Халдейде (Ассирия-Вавилония) Египетте, Қытайда және кейбір басқа елдерде пайда болған екен. Оның шығу тарихы ертедегі халықтардың діни ұғымымен байланысты болған.

Аспан әлеміндегі планеталарды Күн, Ай тағы басқаларын жұлдыздардан сәулелі, нұрлы болғандықтан әрқайсысын құдай билеп тұрады деп түсінгендіктен, олардың әрқайсысына ат қойған. Осы жеті жарық планетаның санына байланысты жетікүндік апта пайда болған.

Ертедегі римляндар әр планеталарды құдайлардың атымен атап, оларға табынатын болған. Планеталар күні бүгінге дейін сол қойылған аттарымен аталып келеді. Мысалы, бір планетаны соғыс құдайы Марстың құрметіне — Марс деп, екінші планетаны Сұлук пен махаббаттың құдайы Венераның құрметіне Венера деп, үшінші планетаны Сауда құдайы Меркурийдің құрметіне — Меркурий деп атаған.

Сонымен, бір аптадағы әрбір күннің атын төмендегіше бөлген:

- Жексенбі — Күн
- Дүйсенбі — Ай
- Сейсенбі — Марс
- Сәрсенбі — Меркурий
- Бейсенбі — Юпитер
- Жұма — Шолпан
- Сенбі — Сатурн

Күндердің осы римляндар атаулары кейбір өзгерістерімен күні бүгінге дейін француз, ағылшын, неміс тілдерінде сақталып келеді.

Христиандық шіркеулер еврейлердің жетікүндік аптасын қабылдаған және олар бірінші күн деп — жексенбіні санаған. Оны «Құдай күні» деп есептейді.

Бұрын Россияда күн әуелі «Неделя» (іссіз) күнінен басталатын, яғни бұл күн жұмыс істемейтін демалыс күні болып саналған. Одан кейінгі бірінші күн — понедельник (дүйсенбі), екінші вторник (сейсенбі) төртінші — четверг

Демалыс уақытына

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 12-санындағы кроссвордтың, географиялық чайнвордтың жауаптары

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Абай. 3. Луара. 4. Тунис. 6. Уфа. 7. Гончаров. 8. Вена. 9. Нева. 10. Амазонка. 11. Обь. 12. 1811 ж. 13. 1889 ж. 16. Гоби. 17. Гоголь. 18. Тигр. 19. Балқаш. 21. Герцен. 25. Ока. 26. Лир. 29. Навои. 30. Киров.

Көлденеңінен:

2. Алабота. 5. Тургенев. 9. Некрасов. 14. 1749 ж. 15. 1799 ж. 20. Бородин. 22. Балға. 23. Бирма. 24. Марс. 27. Аден. 28. Иран. 30. Крит. 31. Суворов. 32. Силва.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЧАЙНВОРД

1. Байкал. 2. Лена. 3. Аляска. 4. Артек. 5. Колхида. 6. Аракс. 7. Сахалин. 8. Ниагара. 9. Антарктида. 10. Ақмола. 11. Апеннин. 12. Нил. 13. Ленинград. 14. Донбасс. 15. Северцов. 16. Вена. 17. Амазонка. 18. Атлант. 19. Тибет. 20. Тундра. 21. Абхаз. 22. Занга. 23. Архангельск. 24. Киев. 25. Валдай.

Жауабын бірінші жібергендер:


Кенес Момбеков.

(Талас ауданы, Жамбыл облысы),

Сахи Муликов.

(Қызылорда қаласы).

КРОССВОРД



Тігінен:

1. Тау. 3. М. Төлебаевтың операсының басты кейіпкері. 4. Спорт-

(бейсенбі), бесінші—пятница (жұма),— деп аталады.

Аптаның ең ортадағы күні — среда (сәрсенбі) деп аталып, соңғы күні еврейлердің атауымен суббота (сенбі) деп аталған.

Сонымен жетікүндік аптаның шығуы ертедегі халықтардың аспан әлеміндегі шырақтарды қасиетті деп есептеуінен, тағы басқа діни сенімдерден туған. Қазір біз сол планеталардың ешқандай құдай, діни ұғымдармен байланысы жоқтығын, олардың да өзіміз өмір сүріп отырған жер сыяқты ірі шар екенін білеміз. Ол планеталар бізден тым алыста тұрғандықтан көзге кішкентай ғана болып көрінеді.

Діни ұғым бойынша жер қозғалмайтын әлемнің дәл кіндігі саналған және аспан әлеміндегі.

тың түрі. 7. «Жас Гвардия» романының кейіпкері. 8. Орыстың ұлы колбасшысы. 10. Түбек. 11. «Алтын жұлдызды жігіт» романының кейіпкері. 12. Батыр қыз. 13. Европадағы өзеннің саласы. 14. Құс. 15. Европадағы өзен. 19. Арал. 21. Батыс Европадағы капиталистік мемлекеттегі қала. 22. Музыкалық жанр.

Көлденеңінен:

2. Өзен. 5. СССР-дағы қала. 6. Европа өзенінің саласы. 9. Түбек. 11. Корея қаласы. 16. Орта ғасырдағы ұлы ғалым. 17. Жастар ұйымы. 18. Аң. 20. Газ. 21. Олжа. 23. Ауру. 24. Дәуір.

Құрастырған М. Қабышев. Семей облысы, Ақсуат ауданы, «Ленин жолы» жетіжылдық мектебі.

Күн, Ай, жұлдыздар тағы басқа планеталардың барлығы жерді айналып жүреді деп түсінген.

Қазір біз жер сыяқты басқа планеталардың барлығы да Күннің айналасында айналып жүретінін білеміз. Жер — әлемнің кіндігі емес, қатардағы жай планеталардың бірі. Сонымен біз жетікүндік аптаның ең алғашында ешқандай ғылыми негізге сүйенбей, діни ұғымнан туғанын көреміз.

Қазірде бұл жетікүндік апта о бастағы діни ұғымдарын жойып, бізге уақытты есептеу үшін қызмет етіп келеді.

Абубакиров,

Алматының Абай атындағы педагогикалық институтының физика кафедрасының оқытушысы.



Балалар, осы суретке арнап әңгіме жазыңыздар.